Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Философия, саясаттану және дінтану институты

ӘОЖ Қолжазба құқығында

АЛТАЙҚЫЗЫ АЙКЕРІМ

Постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені: Қазақстан және АҚШ тәжірибесі

6D020600 – Дінтану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
PhD, доцент Жандосова Ш.М.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, доцент Ачилов Д.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	3
1	**ДІН ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ: ТЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ТҰРҒЫДАН**	9
1.1	Діни білім берудің мәні	9
1.2	Діни білім берудің рухани және өнегелік маңыздылығы	15
1.3	Қазақ жеріндегі діни ағартушылық ой және білім берудің орнығуы (мектептер мен институттар)	22
2	**ДӘСТҮР АЯСЫНДАҒЫ ДІНИ БІЛІМ БЕРУ ФЕНОМЕНІ**	31
2.1	Діни білім беру әлеуметтік-мәдени феномен ретінде: салыстырмалы талдау	31
2.2	Төзімділік тәжірибесін құрастырудағы діни білім берудің рөлі	43
2.3	Діни білім беру коммуникативтік тәжірибе ретінде	49
3	**ИСЛАМДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ**	59
3.1	Ислами білім беру – адамзаттың үздіксіз кемелденуінің бағдары	59
3.2	Ислами білім берудегі зияткерлік пен әртарапты білім беру	64
3.3	Ислам университеттері өмір мәнінің байланыс құралы ретінде	72
4	**ДІНИ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ПОСТМОДЕРН**	81
4.1	Діни білім беру посмодерн дәуірінде дүниені және өмірді тану үлгісі ретінде	81
4.2	Зайырлы қоғамды біріктірудегі діни білім берудің рөлі: Қазақстан және АҚШ мысалында	89
4.3	Қазақстандағы оқу орындары және ислами білім беруді жетілдіру	97
	ҚОРЫТЫНДЫ	106
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	111

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Зерттеу жұмысы постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феноменінің мәнін, ерекшеліктерін, мазмұнын, теориялық, әдістемелік, тұжырымдамалық және дінтанулық негіздерін жан-жақты қарастырады. Диссертациялық жұмыста білімнің зайырлы табиғатын ескере отырып, мемлекеттік оқу орындарындағы дін туралы білімнің қажеттілігі мен мүмкіндігі туралы мәселе қарастырылады. Қазақстан мен АҚШ-тағы білім мекемелерінде дінді оқытудың заңнамасы мен тәжірибесіне салыстырмалы талдау жасалды.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмысқа дейін отандық ғылым саласында Қазақстан Республикасының діни білім беру жүйесі мен Америка Құрама Штаттарының діни-ағартушылық жүйесін салыстыру арқылы зерттеу жұмысы жүргізілмеген. АҚШ Қазақстан сияқты зайырлы, көпұлтты, демократиялық мемлекет болып табылады және де ол – аталмыш мемлекеттік сипаттар бойынша алдыңғы қатардағы, барынша жетік үлгіге жеткен ел. Сол себепті Қазақстан үшін постмодерн дәуіріндегі діни білім беру институтын тиімді даму жолына қою үшін американдық тәжірибені зерттеу, оның артықшылықтарын талдау өзекті ғылыми тақырыптар қатарында.

Өзін-өзі сәйкестендірудің (өзін-өзі дүниетанымдық, мәдени, этникалық және т.б. тұрғыдан идентификациялаудың) механизмі ретінде діншілдіктің өсуі қоғамда айрықша орын алып отыр, сол себепті діни дәстүрдегі құндылықтық негіздер мен рухани мәндерге, діни білім беруде пайдаланылатын мәдени өндірістің үлгілері мен тәсілдеріне қызығушылық туып отыр. Постмодерн дәуіріндегі көппарадигмалы әлеуметтік шындықта тарихи сабақтастығы бар өзіндік аксиологиялық бағдарларды іздеу аса маңызды болып табылады. Болашақ ұрпақтардың құндылықтық бағдарлары мен дүниетанымдарын қалыптастыруға діннің әлеуметтік құбылыс ретіндегі әсерін конфессиялық элиталарды қалыптастырудың нысандары мен құралдары ретінде діни конфессиялар мен бірлестіктердің білім беру парадигмасының аксиологиялық өлшемін қарастырусыз түсіну мүмкін емес.

XX ғасырдың аяғындағы Қазақстандағы радикалды қоғамдық-саяси өзгерістер діннің күшеюіне, оның қоғамдық өмірдің әртүрлі аспектілеріне, оның ішінде білім беру саласына ықпалының күшеюіне әкелді. Бұл мәселені қарастыру тек діни білім беру саласымен байланысты емес, сонымен қатар оның әлеуметтік, саяси және тарихи астарлары бар. Осыған қарамастан, қалыптасқан тарихи шындықты ескере отырып, білім берудің жаңа дифференцияланған стратегиясын әзірлеу және эксперименттік түрде енгізу қажет. Қазіргі уақытта діни және дінтанулық білімді зерттеудің философиялық тұжырымдамасын құрастыру өзекті болып табылады, себебі мұндай тұжырымдама постмодерн дәуіріндегі қазақстандық және әлемдік тәжірибені қарастыруға ғана көмектеспей, біздің қоғам үшін діни және

дінтанулық білім берудің деңгейі мен мәнін анықтауға мүмкіндік тудырады, сонымен қатар оның болашақтағы өзгеру үрдістеріне болжам жасауға ықпалын тигізеді.

Сондай-ақ зерттеу тақырыбының өзектілігі постмодернистік полимәдениетті қоғамдағы білім алушыларды рухани-өнегелік тұрғыдан тәрбиелеу мәселесінің маңыздылығымен байланысты. Жастардың рухани-өнегелік даму деңгейіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі – дін, оның адамгершілік құндылықтары студенттердің рухани білім беру қағидаттарын дамытуға негіз бола алады.

Диссертацияның ғылыми зерттелу деңгейі. Постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені мен оның негізгі мәселелерін зерттеу үшін философия, дінтану және исламтану салаларындағы ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектері қарастырылды. Сонымен қатар көне дәуірдегі ғылыми ойларға сараптама жасалды.

Діни білім берудің мәніне тұжырымдамалық анықтама бергендер – М. Элиаде [1], Н. Смарт [2], М. Гриммит [3], А.Ф. Козырев [4], И.В. Понкин [5] сынды бірқатар ғалымдар. Ал әл-Ғазали болса, дін мен ғылым-білімнің арасындағы байланысты түсіндіре отырып, діни білім берудің мағынасын ашады, білім сөзіне анықтама береді және ойлаудың өмір бойғы азық болатындығы туралы пікір қалдырады.

Діни білім берудің рухани және өнегелік маңыздылығы мәселесіне келетін болсақ, қазақ философиясының классигі Абай Құнанбайұлының [6] еңбектерін айтамыз. Түркі дәуірінің ғұламалары Әбу Насыр әл-Фараби [7], Қожа Ахмет Ясауи [8] да хақты тану жолында білімнің орны туралы көзқарастар білдіреді, ал Жалаладдин Руми [9] адам болмысына тән білімнің қайнаркөздері туралы айтады. Сол дәуірдің ойшылдары Ж.Баласағұни [10], М. Қашқари [11], А. Жүгінеки [12] діни білім беруді зерттеуде ғылыми-философиялық құнды материалдар қалдырды. Э.Н. Наджип [13] түркі ғылымының қалыптасуы жайлы жазады. Батыстық ғалымдар А.Д. Манеа [14], Е. Эриксон [15] діни білім берудегі гуманистік көзқарасты талқылайды, И. Кеплер [16] болса, ақиқатқа жету үшін оқудың, ізденудің, зерттеудің қажеттілігін анықтайды.

Діни білім беруді әлеуметтік-мәдени феномен ретінде зерттеуде С.Н. Булгаковтың [17], П.А. Флоренскийдің [18], И. Канттың [19], С.Л. Франктың [20], К. Доусонның [21], К. Гирцтің [22], К.П. Победоносцевтің [23], К.Д. Ушинскийдің [24] еңбектері арқау бола алады. Ал халықаралық діни білім берудегі халықаралық тәжірибені зерттеу үшін У.Ч. Каппстың [25], Л.Х. Брэдлидің [26], Д. Муленнің [27], Х. Аданалидің [28] жұмыстары бар.

Қоғамдағы дінаралық төзімділікті қалыптастыру үшін діни білім беру мен діни сауаттылық не себепті маңызыды деген сұраққа жауап беру үшін А.Ю. Григоренко [29], Д.Э. Вуд [30], Л.И. Сосковец [31], Дж. Дьюи [32], В.А. Никитин [33], К. Уолтер [34], Е.М. Мамардашвили [35], В.С. Уфаева [36],

Н.В. Громыко [37], Т. Сакаранахо [38], И.В. Метлик [39], Д. Узланер [40], Ф. Бэкон [41] есімді зерттеушілердің еңбектері ғылыми негіз бола алады.

Білім мен ғылым саласы үшін постмодерн дәуірінің ерекшеліктерін сараптауда Ж.Ф. Лиотардың [42], А. Маслоудың [43], Дж. Ваттимоның [44] зерттеулері арқау бола алады. Американдық теоретик И. Хассан [45] постмодернизмнің мәдениеті туралы зерттеді, Ж. Бодрийяр [46] постмодернизмдегі гиперреализм тұжырымдамасын жасады, Ж. Батай [47] постмодернизмдегі «трансгрессия», «әртектілілік» туралы жазды, ал С. Бенхабиб [48] постмодерн дәуірінде жаһандану үдерісіндегі теңдік пен әртүрлілікті сипаттады. Сонымен қатар постмодерн заманына тән зайырлы қоғамды біріктірудегі діни білім берудің орнын Ф. Мишель [49], И. Савин [50], А.Г. Косиченко [51], С. Родней [52], У.М. Дэймон [53], Г.Д. Дмитриев [54] және т.б. ғалымдар анықтады.

Ислами білім берудің феноменін анықтаған, ондағы замануи үрдістерді және Қазақстандағы, халықаралық тәжірибедегі ислами білім орталықтарының мәнін зерттеген, ислами білім берудің кемел тұлғаны қалыптастырудағы рөлі мен оның коммуниктивтік маңыздылығын қарастырған ғалым болып Н.Л. Сейтахметова [55] табылады. Сондай-ақ мұсылмандық білім саласындағы қазақстандық тәжірибені зерттеуде Ә. Дербісәлі [56], А. Әбдірәсілқызы [57], Р.М. Мустафина [58], Н.Ж. Байтенова [59], Е.Е. Бурова [60], Б.М. Сатершинов [61], Д.Т. Кенжетай [62], Г. Ж. Нұрышева [63], Қ.М. Борбасова [64], А.Р. Масалимова [65], А.Д. Курманалиева [66], А.Т. Құлсариева [67], К.К. Бегалинова [68], Т.Х. Ғабитов [69], Р.С. Мұхитдинов [70], Ш.С. Рысбекова [71] ғылыми жұмыстар жазған, олардың деректері отандық діни білім беру жүйесін жетілдіруге байланысты зерттеулер жасау барысында ғылыми негіз бола алады.

Тарик Рамадан [72] қазіргі заманғы батыстағы ислам дінінің орны және әлеуметтік мәселелері, оның ішінде білім тақырыбы туралы зерттеді. Ал Тауфик Ибраһим [73] болса, Құрандағы төзімділік мәселесін және оның ислами ойлардағы алатын орнын зерттеді.

Ислами білім берудегі кемелдік жолы, үздіксіз білім, жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу мәселелерінде А.Р. Арафи [74], Э.Р. Кулиев [75], Б.А-И. Аз-Зарнуджи [76] сынды ғалымдардың зерттеулері құнды. Ал ислами білімдегі зияткерлік пен әртарапты ағатаушылық сұрақтары бойынша Ван Дауд [77], М.А. Рауф [78], А.Л. Тибави [79], Г. Макдиси [80], О. Леаман [81], Г. Сартон [82], Г.Э. Грюнебаум [83], А.В. Смирнов [84], З. Сардар [85], С. Мир-Багирзаде [86] жұмыстар жазды.

Ислами білімнің өмірдің мәнін түсінудегі ерекшеліктерін Мұхаммед әл-Хорезми [87], Қ.З. Мухаммад [88], А. Усман [89] зерттеді және де ондағы ислам оқу орындарының рөлін А. Б. Халидов [90], С. Камю [91], Ж. П. Сартр [92] сияқты мамандар қарастырды.

Зерттеудің нысаны: постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені.

Зерттеу пәні: постмодерн дәуіріндегі діни білім беруді жетілдіру үрдісі.

Зерттеудің мақсаты: постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феноменін Қазақстан және АҚШ тәжірибелерін салыстыра отырып сараптау.

Бұл мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** алға қойылады**:**

- постмодерн дәуіріндегі діни білім берудің плюралдық және толеранттық сипатын ашу;
- діндарлық пен зайырлылықтың органикалық тепе-теңдігін онтологиялық ашу мақсатында діни білім беру феноменін объективті тарихи қайта құру (реконструкция);
- діни білім берудің дискурстары мысалында діни білім берудегі рухани-өнегелік императивті анықтау;
- қазақстандық көп дінді қоғамдағы діни білім берудің ерекше бірегейлігін айқындау;
- постмодерн дәуіріндегі діни-ағартушылық процестің ерекше және әмбебап дамуын айқындау мақсатында Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білім беру тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жүргізу;
- діни білім беру процесі барысындағы дүниетанымдық бағдарларды сараптау мақсатында Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білімнің мәртебесін анықтау;
- діни білім діни экстремизмнің алдын-алу кезінде қолданылуы керектігін және діни білім беру тәжірибелерінің сапалы мазмұнын қалыптастыруға күш-жігер жұмсау қажеттігін дәлелдеу.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Зерттеу барысында ислами білім беру мәнмәтінінде постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феноменіне пәнаралық сараптама жасалды, сондай-ақ ғылыми жұмыс нысанына айналған Қазақстан мен АҚШ тәжірибесіндегі діни білімнің қызметі мен мәні анықталды.

Диссертация барысында жаңашылығы бар келесі **ғылыми нәтижелерге** қол жеткізілді:

1) постмодерн дәуіріндегі діни білім берудің плюралдық және толеранттық сипаты ашылды;

2) діндарлық пен зайырлылықтың органикалық тепе-теңдігін онтологиялық ашу мақсатында діни білім беру феноменін объективті тарихи қайта құру (реконструкция) турасында тұжырым ұсынылды;

3) діни білім берудің дискурстары мысалында діни білім берудегі рухани-өнегелік императив анықталды;

4) қазақстандық көп дінді қоғамдағы діни білім берудің ерекше бірегейлігі айқындалды;

5) постмодерн дәуіріндегі діни-ағартушылық үрдістің ерекше және әмбебап дамуын айқындау мақсатында Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білім беру тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жүргізілді;

6) діни білім беру процесі барысындағы дүниетанымдық бағдарларды сараптау мақсатында Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білімнің мәртебесі анықталды;

7) діни білім діни экстремизмнің алдын-алу кезінде қолданылуы керектігі және діни білім беру тәжірибелерінің сапалы мазмұнын қалыптастыруға күш-жігер жұмсау қажеттігі дәлелденді.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік мәні. Зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелер дінтану және исламтану салаларында жаңа зерттеулер жүргізу үшін қолдануға болады. Зайырлы оқу орындарына діни компонентті енгізудің мазмұны мен түрлері туралы материалды ғылыми айналымға қосу мүмкіндігі туды.

Әріптестік қатынастар мен мәдени диалог, азаматтық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізін білім алушылардың бойында қалыптастыру мақсатымен оқу орындарында діни дүниетаным мен діни тәжірибелердің элементтерін енгізу бойынша американдық тәжірибені қолдану мүмкіндіктеріне сараптама жасалды, ол мультимәдени білім беру теориясын дамытуға ықпал етуі мүмкін.

Исламтану және дінтану мамандықтары бойынша арнайы пәндерді құрастыру үшін дереккөзі ретінде қолданылуы мүмкін, сонымен қатар Қазақстан Республикасында діни және ислами білім беру мәселесі бойынша мемлекеттік органдар тәжірибелік ұсыныстар таба алады.

Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі діни білім беру феномені сараптамасы бойынша шетелдік және отандық, сондай-ақ замануи үрдістер жағдайындағы діни білімнің қажеттілігі мен мүмкіндіктерін зерттеуге айтарлықтай үлес қосқан ғалымдардың еңбектері табылады.

Діни білім беру феноменін ашу барысында алдыға қойған мақсатқа жету үшін институционалды, нақты тарихи, жүйелі, құрылымдық-фунционалдық және компаративистикалық талдаудың әдіснамалық тәсілдері, сондай-ақ феноменологиялық талдау әдісі қолданылды. Сонымен қатар диссертациялық жұмыста статистикалық мәліметтер келтірілді.

Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар:

1) Постмодерн дәуірі діни білім берудегі жаңа үлгіні (модус) анықтады: плюралды, толерантты білім. XXI ғасырда көптеген жаңа діни ағымдар пайда болғандықтан, діни білім берудің классикалық тәжірибелерін қайта қарау қажеттілігі туындады. Постмодерн дәуіріндегі діни білім беру классикалық және постнеклассикалық білім теориялары мен тәжірибелерін қамтитын сызықты емес дискурс болып табылады.

2) Қазіргі заманғы діни білім беру өзінің болмысында бар діндарлық пен зайырлылықтың тепе-теңдік әлеуетін (мүмкіндігін – потенциалын) жүзеге асырады. Діни білімнің даму тарихы әрдайым зайырлылыққа деген ниеттің (интенция) болғанын көрсетеді.

3) Негізгі мазмұны тұрғысынан келгенде діни білім беру – рухани және өнегелік мәселесі бойынша басқа білім беру теориялары мен тәжірибелерінен асып түседі.

4) Қазақстандағы діни білім беру ерекше құбылыс (феномен) болып табылады, өйткені ол қазақ ағарту дәстүрін және постмодерн дәуіріндегі жаңа шынайы трансформацияларды (өзгерістерді) біріктіреді.

5) Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білім беру институты постмодерн дәуіріндегі діннің ортақ, ұқсас өзгеру (трансформация) үдерістеріне қарамастан, дүниетанымдық негіздері тұрғысынан бір-бірінен ерекшеленеді. Қазақстанда діни білім беру институты ғылыми-философиялық және мәдениеттанулық мазмұндарды қоса отырып, классикалық білім беру аясында жұмыс атқарады. Америка Құрама Штаттарында діни білім беру институты постмодерндік, плюралды контексте, қатал парадигмалардан тыс дамуда.

6) Діни білім мәртебесі оның орнығуы, яғни институционализацияға тікелей байланысты. Қоғамды модернизациялау діни білім беру саласын «зайырландырады», бұл жекелеген (әсіресе) діни елдерде фундаментализмнің пайда болуына әкеледі. АҚШ-та діни білімнің мәртебесі бар, бірақ оны мемлекет қатаң қадағаламайды, білім беру бағдарламалары балама болып табылады, бұндай құбылыс заманның рухын көрсетеді. Қазақстанда ислами білім беру мысалына негізделген діни білім беру институты ислам дәстүрі мен ислами бірегейлікті сақтаудағы маңызды құрал болып табылады.

7) Тек сапалы діни білім ғана діни экстремизмге қарсы әрекет ететін институт болып табылады. Постмодерн ахуалында радикализм мен экстремизмге нөлдік төзбеушілікті қалыптастырып қана қоймай, сонымен бірге діни білім беруді оқытудың жаңа бағдарламаларын, әдістерін құрастыру және оларды іс жүзінде қолдануды жүзеге асыру қажет.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасы мен ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институтының ортақ отырысында талқыланып қорғауға рұқсат берілді.

Зерттеудің аясында он ғылыми мақала жарық көрді. Оның екеуі «Адам әлемі» философиялық және қоғамдық-гуманитарлық журналында, біреуі «Әл-Фараби» әлеуметтік-гуманитарлық журналында жарияланды. ҚазҰУ хабаршысының дінтану сериясында бір мақала, «Қазақстанның жаңғыруының өзекті мәселелері», «Қазіргі қоғамда діннің болмысының философиялық және әлеуметтік-гуманитарлық мәселелері», «Беларустің интеллектуалдық мәдениеті: философияның әдістемелік капиталы және білімнің пәнаралық синтезінің қырлары», «Рухани жаңғыру» концепті идеясын жүзеге асыру аясындағы «Ұлы Дала халқының діни бірегейлігінің қалыптасуының рухани қырлары», «Қазақстандық бірегейліктің қалыптасуы: мәселелері мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдар жинағында жарық көрді. Нөлдік емес

импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген «European Journal of Science and Theology» атты журналда бір мақала жарияланды. Сонымен қатар «Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру» атты ұжымдық монографияда бір тарау «Діни білім берудің рухани және ұлттық қауіпсіздіктегі рөлі» тақырыбында материал басылып шығарылды.

Диссертацияның құрылымы. Зерттеу жұмысының құрылымы жоспарға, қойылған міндеттер мен мақсатқа сәйкес кіріспеден, төрт негізгі бөлімнен, он екі тараушадан, қорытынды бөлімі мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық еңбектің жалпы көлемі 123 бетті құрайды.

1 ДІН ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ: ТЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ТҰРҒЫДАН

1.1 Діни білім берудің мәні

«Діни білім беру» − рухани-әлеуметтік қағидаттардың бірі, олардың ішінде ең маңыздыларының қатарында. Аталмыш ұғым әлеуметтің сауаттылығын жетілдіруге бағытталған білім жүйесін білдіреді, нақтырақ айтсақ діни және рухани сауаттылықты дамытудың білім беру жүйесі болып табылады. Бұндай білім беру кешені теологиялық және зайырлы бағытта жүзеге асырылуы мүмкін.

«Діни білім беру» феномені – әлеуметтік ұғым, ол білім алу қызметінің рухани, әрі зайырлы кешендік құрылымын білдіреді. Білім жүйесінің бұндай түрі діндер туралы оқытуды, олар туралы ақпарат беруді және діни сезім мен сананы тәрбиелеуді білдіреді. Ғалым М. Элиаденің еңбегінде келесі ой айтылған: «діни білім беру терминіне анықтама беруге тырысушы әркім әдеттегіден тыс қиындықтарға тап болады» [1, 318 б.]. Ал зерттеуші Н. Смарттың пікіріне жүгінетін болсақ: «діни білім берудің теориясы мен тәжірибесі және дінді зерттеу түсініксіз жағдайларға байланысты қиын болып келеді» − дейді, дегенмен, ғалым дінді зерттеу дегеніміз ақиқатты зерттеудегі еркіндіктің маңызды дәлелі деп көрсетеді, сонымен қатар Смарт діни білім берудің адамзат реализміне зор үлес қосқаны айғақ – деп есептейді [2, 99-105 б.]. Демек діни білім беруге түбегейлі және әртарапты анықтама беру қиындықтар туындатса да, ғалымдар оны зерттеудің өзектілігі дауасыз екенін айқындап отыр.

Дін рухани мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде мемлекет үшін және ондағы қоғамдық идеалогия үшін сана-сезімге, дүниетанымға, әдеп жүйесіне айрықша ықпалын тигізетін құбылыс болып табылады. Қазіргі таңда, атеизм идеологиясы мен саясатының орнына келген «діни ренессанс» ахуалында дін халықтың рухани жаңғыруының маңызды көзі ретінде қарастырылады, сондай-ақ қоғам рухани жандану барысында дінді негізгі тіректердің бірі ретінде қарастырады. Ал діннің мемлекеттегі оң ықпалы неғұрлым жоғары болу үшін қауымдық діни сауаттылық жоғарғы деңгейде болуы тиіс. Діни сауаттылық тек теологиялық бағытта болуы шартты емес, ол зайырлы білім беру саласын да қамтиды.

Көркем әдебиет, бұқаралық ақпараттар құралдары, өнер, дін және ғылым сияқты білім де мәдениет пен өркениеттің рухани саласына жатады. Кеңестік энциклопедиялық сөздіктегі анықтамаға жүгінетін болсақ: «білім (білім беру) дегеніміз жүйеленген мағлұматтарды, іскерлікті және дағдыларды игеру барысы немесе оның нәтижесі болып саналады, олар адамның өмір сүруі мен еңбек етеуіне қажет» [93, 920 б.].

Халықаралық сөздікке «діни білім беру» ұғымы білім беру қызметі мен саласының түрлерін білдіретін термин ретінде енді. Бұндай білім жүйесі дінді зерттеу, дін туралы мағлұмат беру, діни сезімді тәрбиелу және діни сананы дамыту бағыттарымен байланысты. Осыған орай қазіргі заманғы

ғылыми зерттеулерде білім алу мен діннің байланысын түсіндіруде әлеуметтік және философиялық сараптама маңызды болып табылады. «Діни білім беру» термині жалпы мағынада «дін туралы білімге тартудың үлгісін» білдіреді.

Қазіргі уақытта діни бағыттағы білім беру жүйесінің екі түрін көрсетуге болады: дінтанушылық (зайырлы, ғылыми) және діни (теологиялық). Олардың бір-біріне ұқсайтын тұстары бар. Негізгі ұқсастық зерттеу пәні ретінде дін мәселесінің қарастырылуы, яғни келесі төңіректегі мәселелер: діни құндылықтардың өмірдегі алуан түрлі мәселелерде көрініс табуы, діндердің тарихта, қоғамдық дәстүрлерде, салт пен мәдениетте із қалдыруы және т.б.

Теологиялық діни білім беру мен зайырлы дінтанушылық білімнің басты айырмашылығы: діни білім алуда білім түсінігінің өзі екінші орында тұрады. Ең алдымен, теологиялық білім беру жүйесі діни ғұрыптар мен жораларды жасау арқылы және белгілі бір өмір салты мен тәртібіне бейімдеу арқылы тәрбиелеуге мүдделі болады. Діни білім берудің мақсаты – адам өміріне сенім мен діни нанымды сіңіру және сезім, сана, ақыл тұрғысынан руханилық пен діншілдікті орнықтыру.

Ал дінтану болса ғылыми сала, ол зерттеу нысаны ретінде дінді қарастырады. Дінтану діннің тарихын, дамуын, дәстүрін және қызмет етуін, оның сан алуан феномендерін, әлеумет тарихындағы үдерісін зерттейді, сондай-ақ, мәдениет пен діннің және де өзге салалардың өзара ықпалы мен арақатынасын қарастырады. Зайырлы дінтанушылық білім дінді тұлға, топ және қоғам деңгейінде зерттейді [94, 474-475 б.]. Дінтану зерттеу нысанын қоғамдық өмірдің басқа да салалары мәдениетпен, экономикамен және саясатпен ұштастыруы мүмкін, ол – әлеуметтік білім берудің түрі.

Жалпы діни білім беру кәсіби діни білім беруден мағынасы әлдеқайда кең. Біріншіден, діни білім беру әлеуметтік зайырлы білім талаптарына сәйкес келеді. Екіншіден, жаратушыға құлшылық етудің, діни әдет-ғұрыптар мен ғибадатты жасаудың аясынан кеңірек және күрделірек ұғымды білдіреді. Яғни діни білім беру шәкірттерді діни сауаттылыққа баулиды, нақты бір діннің догматтарын үйретеді. Діндердің қасиетті жазбаларының мазмұнымен, діни ғұрыптың қағидаларымен, діни әдебиеттермен таныстырады. Ол жаратушыға құлшылық етумен бірге діни салттарды, діни ұстанымға жататын ұйғарымдар кешенін, қағидаттар мен құндылықтар жүйесін біріктіреді.

Діни білім беру – тәлім мен тәрбие берудің арнайы кешенді үдерісі. Жүзеге асыру тұрғысынан келгенде, діни ұйымдар, мемлекет, қоғам, отбасы және жеке тұлға мүдделі болуы мүмкін. Ал құқықтық және ұйымдастыру тұрғысынан, оқу жүйесінің конфессионалдық, муниципалдық және мемлекеттік мекемелерінде қызмет етеді. Діни білім беру тек жекелеген арнаулы ұйымдарда ғана емес, белгілі бір конфессиялық дүниетанымммен байланысты жаңұя тәрбиесі шеңберінде іске асуы мүмкін. Демек діни білім

беру зайырлы, теологиялық және отбасылық тәлім беру топтамасын біріктіреді.

Жүйелі сараптаудың негізінде діни білім берудің үш бағытын көрсетуге болады:

– діни тәлім беру;
– діни қызметкерлерді оқыту;
– діни-мәдениеттанулық сауаттылық.

Діни білім берудің салаларына келетін болсақ, рухани-ағартушылық қызмет, теориялық ғылыми зерттеу, оқу-әдістемелік бағыт болып жіктеледі. Осының ішіндегі рухани бағыты тәрбиелеу немесе оқыту қызметімен жүзеге асырылуы мүмкін. Көп жағдайда бақылау сынақтарымен (тестілеу, емтихан және т.б.) қадағаланып, оқудың тәмамдалғанын растайтын құжат берілмеуі де мүмкін. Яғни рухани сарындағы діни білім берудің айырмашылығы – оның жиі бейресми есебінде болу ықтималдығында.

Дін келесі жағдайларда білім беру аясында орын алуы мүмкін:

– пәндік сала мен тақырыптар кеңістігінде оқу пәні болу ретінде;
– әлеуметтену барысында тәлім-тәрбие алушының құндылықтық бағдары (негіз, мұрат, бағыт және т.б.) ретінде;
– қоғам сұранысына сай білім беру ұйымдарының тарапынан қамтамасыз етілуін қадағалау институты (конфессионалдық бірлестік) ретінде.

Бирмингем жоғарғы оқу орнының профессоры М.Гриммит діни білімнің үш түрін жіктейді:

– дінде – into religion;
– дін туралы – about religion;
– діннен – from religion [3, 42-53 б.].

Гриммиттің тұрпаттамасы әлемдік ғылыми қоғамдастықта бүтіндей мойындалды. Ресей ғалымы Ф.Н. Козырев аталмыш ғалымға тиесілі идеяны өз еңбектерінде жалғастырды. Козырев діни білім беруді былай деп бөліп көрсетеді:

– дін заң ретінде – religion as a law;
– дін дерек ретінде – religion as a fact;
– дін сый ретінде – religion as a gift.

«Дін немесе діндер жайлы білім беру (оқыту)» ұғымы ортақ балама сөз тіркесі ретінде пайдаланылады. Аталмыш ұғым және ғылыми термин кейбір мемлекеттердің білім беру үдерісінде ауқымды қолданылады. Мысалы, Швеция елінде «дін хақындағы ілім (білім)» деген атаумен енгізілген. Сондай-ақ қазіргі таңда біршама елдер «дін» түсінігін «руханият (рух)» ұғымымен баламалауды жолға қойған, бұл сөз ағылшын тілінде «spirituality» деген мағынаны білдіреді. Бұл феномен АҚШ-та жақсы көрініс тапқан, демек, «рух» сөзі «дін» ұғымына қарағанда зайырлы терминологияның нұсқасы. Дегенмен «рухани» сөзінің «діни» терминінің орнын басуы діни феномендерді қарастырмау немесе қабыл алмау (бас тарту) дегенді білдірмейді. Ал мағынасы мен қарастырып отырған мәселесіне орай

«сенім» сөзі «дінге» синоним есебінде қолданылады. Бұндай көрініс те АҚШ мысалында жақсы байқалады. «Білім беру» термині болса, көп жағдайда басқа балама сөзбен алмастырылмайды. Яғни «діни білім беру» феномені көптеген елдерде «spiritual/moral education» − рухани білім беру, «faith education» − сенім білім беруі деген терминдермен кең қолданыста.

Жалпы қарастырылған мәліметтерге сүйенетін болсақ, діни білім беруге қатысты түсініктемелер мен тұжырымдамалар алуан түрлі. Мысалы, энциклопедия мәліметтеріне келетін болсақ, діни білім беру мен діни оқыту дегеніміз теологтарды, дін саласындағы кәсіби мамандарды, діни қызметшілерді, сондай-ақ рухани оқу мекемелеріндегі оқытушыларды даярлайтын жүйе, оның негізгі мақсаты мен бағыты – халықтың діни сауаттылығын арттыру. Ресейлік зерттеуші И.В. Понкин бойынша діни білім беру дегеніміз тәрбиелеу мен оқытудың нысаналы үдерісі, ол жеке тұлғаның және діни қауымдастықтың мүдделерін ескере отырып іске асырылады [5, 416 б.]. Діни білім беру діни оқыту, мәдениет, тәжірибе, өмір жайында, дінге немесе конфессияға, діни бірлестікке тиесілі білімді береді, адамға белгілі бір діни наным мен сенімге сай өмір сүру салтын үйретеді, сонымен қатар сол дінге немесе конфессияға сәйкес рухани-өнегелік құндылықтар жүйесіне дағдыландырады.

Діни білім беру бір діннің аясындағы рухани және өнегелік дүниетанымға негізделеді, осыған сәйкесінше жүзеге асырылады, нақты бір дінде орныққан тұрмыс дәстүрі мен дүниетанымды негізге алады. Діни білім беру саласы әлемдік мәдениеттің құраушы бөлігі және жаһандық өркениет феномені.

Бүгінгі дінтану ғылымында теологиялық және зайырлы білім беруді зерттеу мен оны философиялық тұжырымдамалау өзекті болып отыр, өйткені тұжырымдамалық зерттеу діни білім берудің қазіргі қазақстандық ахуалын айқындайды. Бұған сүйене отырып мемлекеттегі дінтанушылық және діни білімнің сапасы мен деңгейі анықталады, белгілі бір дәрежеде даму үрдістері мен жолдарына болжам және ұсыныс жасау мүмкіндігі туындайды. Сонымен қатар теориялық зерттеулер мен философиялық сараптаулар дін мен діни білім беруге тың көзқарас қалыптастырады, оның қоғамдық-әлеуметтік санадағы орны айқындалады, осылайша мемлекет пен діндер, конфессиялар арасындағы байланыстарды үлгілеу мүмкіндігі туындайды.

Діни білім берудің зайырлы дінтанулық бағытын зерттеудің қазақстандық тәсілдерінің келесі ерекшеліктерін көрсетуге болады:

– жалпы білім беру жүйесінің типі ретінде қарастыру;

– қазіргі заманға тән діни білім беруің даму үрдістері мен ерекшеліктерін зерттеу;

– діни білім беруді реттеудің мемлекеттік үлгілері мен стандарттарын талдау;

– зайырлы білім беру мекемелері мен діни ұйымдардың, қоғамдастықтардың арасындағы әріптестікті сараптау

және т.б.

Діни білім беруді діни ілімді игеру, ол арқылы діни іс-әрекетті, тәжірибені, діни ғұрыптар мен табынушылықты жүзеге асыратын үдеріс пен жүйе деп те анықтауға келеді. Аталмыш үдеріс дін қызметкерлері мен діни педагогтар арқылы, яғни арнайы кәсіби дайындалған кадрлар арқылы іске асырылады, сондай-ақ бұндай білім беру жүйесіне діни-конфессионалдық оқытуға бағытталған педагог-мамандарды даярлау кіреді.

Қалыпты жағдайда діни білім өзінің бағыты мен ерекшелігіне сай діни бірлестіктің тікелей қатысуымен немесе жанама араласуымен жүзеге асырылады. Діни бірлестіктермен, қоғамдастықтармен бұндай сипаттағы әріптестік пен байланыстың орындалуы келесі жолдармен жүзеге асырылады: белгілі бір дінге қатысты ілімдер дерегін қалыптастыру және олардың қайнаркөздері түпнегіздерге сәйкес болуын анықтау; сол діни дәстүрге тән өмір салты мен мәдениетін зерттеу, олармен таныстыру; нақты бір дінге сай дүниетанымды негізге ала отырып білім беруді жүзеге асыру, оқытуды қамтамасыз ету. Діни бірлестіктер оқу үдерісіне және тәрбие қызметіне жоғарғы оқу орындарының және мектептердің білім беру бағдарламасына жанама немесе тікелей қатысуы жатады. Ондай араласу іс-әрекеттеріне оқу барысында пайдаланылатын білім бағдарламаларына, ғылыми еңбектер мен құралдарға, оқулықтарға діни-конфессионалдық көзқарас тұрғысынан талдау; педагогикалық мамандар мен білім беру қызметкерлерінің біліктілік дәрежесін саралау енеді.

Әлеуметтік маңыздылығы мен қоғамдық өзектілік жағынан келгенде діни және дінтанушылық білім беру – жалпы жүйелік және кешенді оқыту мен білім беру феномені. Қазіргі таңда жаһандану үрдістері үдемелі интеграциямен есептеледі, сол себепті бұндай бірігу дәуірінде кез келген ел өзінің ұлттық табиғаты мен болмысын, мәдени және ұлттық құндылықтарын барынша сақтап қалуға тырысады. Бүгінгі саяси-қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық ахуалда мемлекеттік деңгейде тағы бір идеологиялық білім қайнаркөзі ретінде дінге деген сұраныс пен қызығушылық артып отыр. Сондықтан қазақстандық дінтану ғылымына дінтанушылық және діни білімнің қазіргі феноменін анықтау, мемлекеттің діни-конфессиялық және этностық алуандылығын назарға алып, ұлттық діни дәстүрге лайықты дінді оқыту және дін саласындағы мамандар мен ғалымдарды даярлау қажет.

Герменевтикалық зерттеулердің негізіне сүйенетін болсақ, әлемдік діндер білімге, ғылымға және діни ілімдерге құрметпен қарайды, білім жолын құдайдың үкімдерінің бірі деп бағалайды, әр діннің мәдениетінде көзі ашық, сауатты, ғылыммен айналысқан, зиялы адамдардың мәртебесі жоғары деңгейде.

Христиан дінінде оған тән дәстүр бойынша жаратқанды шын жүректен жақсы көру, сую дегеніміз оны зерттеу, тану, ол туралы білім жинақтау және мағлұматты білу болып табылады. Пендеге берілген ақылдың мүмкіншілігі үшін құдай тағаланы түсіну – аса ауыр жол, дегенмен танып білуге талпыныс керек, айналадағы ортадан оның табиғаты мен жаратылысын түсіну, оған жақындай түсу қажет, бұл діндарға міндет. Бұған мысал ретінде Інжілдегі

Апостол Павлдың сөзі дәлел: «Құдай туралы білуге болатынның бәрі олар (біз) үшін, себебі Құдай оларға (бізге) алып келді. Себебі оның көрінбейтін тұсы оның мәңгі күші және Құдыреті, жаратылысын қарастыру арқылы әлемді жаратуынан көрінеді, сондықтан олар (біз) көнбістер» [95, Рим.1:19-20].

Сонымен қатар Інжілде тәңірдің білім-ғылым тоқуға іске асырып пайдаға жарату үшін үгіттейді: «Кемеңгерлікке ұмтыл, ақыл жина; осы жайында ұмытпа және менің аузымнан шыққан сөздерден алшақтама. Оны жадыңнан қалдырма, сонда ол сені қорғайды; оны жақсы көр, сонда ол сени қорғаштайды. Ең бастысы – даналық: даналықты кеңейт, және барлық болмысыңмен ақыл жинақта. Оны жоғары бағала, сонда ол сені биіктетеді; ол сенің атағыңды шығарады, егер оған жапсырылып қалсаң; сенің басыңа асқан әдемі гүлдесте кигізеді, ғажайып тәж ұсынады. Ұлым менің, тыңда, және менің сөздерімді қабылда, – сол кезде сенің өміріңнің жылдары ұзартылады. Мен саған данышпандық жолын көрсетемін, түзу бағытпен алып келемін. Жүрген кезде, сенің жүрісіңе кедергі жасалмайды, ал жүгірген кезде, шалдығып құламайсың. Өсиеттерімді жадыңда берік ұста, қалдырма, оны сақтап жүр; себебі ол – сенің өмірің» [96, Пр.4:5-13].

Ал ислам дәстүріне келетін болсақ, қасиетті жазбадан келесі үзіндіні келтіруге болады: «Алла тағала сенетіндерді және таным алғандарды жоғары бағалайды»; «Айтшы: білетіндер мен білмейтіндерді салыстыруға бола ма? Ол туралы естияр, парасатты адамдар ойлансын» [97, Құран 96:1-5]. Осы іспеттес ойлар хадистерден орын тапқан: «Білімсіз ақыл жансыз тәнмен бірдей. Даңқ пен мәртебе ешқандай байлықта емес, білімде»; «Білім іздеу жолына түскендер үшін Алла тағала жұмаққа барар жолды жеңілдетеді» [98, 37-38 б.]. Анас пайғамбардың атынан Мұхаммед пайғамбармен сұхбаттас болған тұлға келесі сөздерді жеткізеді: «Ғылым іздеу әрбір мұсылман ерлері мен әйелдеріне міндетті. Ілімді бесіктен көрге дейін іздеңдер. Ғылымды іздеңдер, тіпті ол Қытай жерінде болса да іздеңдер... Кімде кім екі өмірдің шаттығын қаласа, оны ілім мен білімнен іздесін [97, Құран 58:11]. Яғни білім-ғылым үйрену – ислам дінінде негізгі құндылықтардың бірі. Ислам білім алуды, ілімді игеруді, сауатты болуды қолдайды.

Мұсылмандық білім беру құрылымы ислами ілімдер мен Құранды оқу-зерттеуден тұрады. Ислам пайда болғаннан бері бірінші кезекте, Құранды, екінші кезекте хадистерді бұрмалаусыз оқу мақсатында мұсылмандар мәтіндерді мұқият оқып зерттеуге ынталанды. Жоғарыда Құраннан келтірілген мысалдардан ол (Құран) ғұламалардың кеңестеріне құлақ түру қажеттілігін, сонымен қатар пендешілік сұрақтар мен дінге қатысты мәселелер пайда болған жағдайда ғалымдарға сүйену керектігін байқатады.

Ислам ілімінің ғұламасы әл-Ғазали «Діни ғылымдарды жандандыру» еңбегінде мынадай ой айтады: «Ғалым үшін оның күнәларын кешіруді аспандағы мен жердегілердің бәрі сұрайды, ол адам үшін көктегі және жердегі періштелер кешірім сұраған жағдайдан асқан қандай жай-күй бар, ол өзінің тірлігімен айналысады, ал олар оның күнәларын кешіруді сұрайды?»

[99, С. 57-61], сонымен қатар келесі пікірді келтіреді: «Көңіл аудар, ойлан, ол білімді қалай көрегендікпен салыстырды және білімсіз іс-әрекетті қалай төмендетіп көрсетті,тіпті діни жораларды атқарушы, ерінбей-жалықпай жасағанына қарамастан, бірақ ғибадат қылу білімінен мақұрым болған жағдайда. Себебі білім болмаған жағдайда, ғибадат қылудың өзі де болмайды» [99, С. 57-61].

Сондай-ақ әл-Ғазали пайдалы білімге мынадай анықтама береді: «дүниеге беріліп, ақыреттен бет бұрған адамдардың надандығы мен ақымақтығын, олардың бойындағы өркөкіректік, күншілдік, екіжүзділік, өзін өзі сүюшілік, атаққұмарлық пен мансапқұмарлық, дүниеге құштарлық сияқты жүрек дерттерінің дауасы не екендігін білдіретін білім – пайдалы білім» [99, С. 57-61]. Ол пайдасы мол біліммен айналасу өзге істердің бәрімен салыстырғанда сапасы мен маңыздылығы ең жоғарғысы дейді, сонымен қатар игілікті, пайдалы білім жиһандағы жамандықтың қорқыныштылығын, ақыреттегі сынақ пен қасіретті түсіндіретін білімнің түрі деп жеткізеді.

Діни білім берудің басты құндылықтарына келесі түсініктер жатады: себепті (қоршаған ортамен, жаратушымен) байланыс, ғибрат пен ағлақ, ғылым, әдеп және философия. Дүниежүзіндегі дін салдарынан туып отырған қоғамдық-саяси мәселелердің шешу жолдарының бірі ретінде осы бағыттарды теңірек зерттеу маңызды және де әлемдік қауымдастықтың дін өкілдері киелі жазбалар мен олардың ілімін тереңірек түсіндіруі қажет. Осындай ортақ зерттеулер мен әріптестік әлеуметтік-саяси тұрақтылыққа ұзақмерзімді іргетас бола алады, Батыс пен Шығыс диалогына оңтайлы әсер етеді. Бұған дәлелдеме – барша діндердің пайғамбарлары мен әулиелері, олар келісімге, төзімділікке және бейбітшілікке жету үшін білім алу қажет екендігін өз мысалында көрсетті. Мысалы: «Иса пайғамбар үш жыл бойы, ал Конфуций бес жыл бойы білім алған, Мұхаммед пайғамбар жиырма жеті жыл және Будда қырық тоғыз жыл оқып білім алды» [100, 122 б.]. Діни ілімдердегі әдеп пен ағлақ қағидаттары көркем мінезді адам тәрбиелеу жолында өз үлесін қоса алады. Әлемдік діндер мен конфессиялар осы тұрғысынан әріптестік жасай алса, жаһандық үйлесімділік пен төзімділік мәселелері нығая түсер еді.

1.2 Діни білім берудің рухани және өнегелік маңыздылығы

Өскелең ұрпақ арқылы қоғамды тәрбиелеу үшін игілік пен ізгілікке үйрету қажет, ал діни білім беру болса адамгершілікке баулудың және рухани-өнегелік білім берудің бір жолы. Өйткені материалдық әлемнің үстемдігі, технологиялардың қарқынды дамуы тәрбиелік және рухани білімге деген сұранысты туыдырып отыр. Рухани және өнегелік білім беру жүйесі – жеке тұлға мен қоғам болмысы үшін адамгершілікке, тәртіпке және игі құндылықтарға жетелейтін тәрбиенің бір түрі, ол қазіргі әлемдік білім кешенінің негізгі басымдықтарының бірі.

Замануи білім жүйесі күрделі дәуірде жаңалықтар мен өзгерістерге ұшырап отыр, өйткені қазақстандық қоғам әлеуметтік-экономикалық күйзеліспен қоса жаһандық рухани құлдырау кезеңінде өмір сүріп жатыр. Әлемдік мәдени плюрализм жалпы адамзатқа, оның ішінде қазақстандық әлеуметке рухани өзгертулер мен өңдеулер енгізуде, бұндай феномен ұлттық сана мен мәдениетті дәстүр мен классикалық салттан тыс кейіпте дамытады. Мемлекет үшін ресми идеологияны және құндылықтарды құрастыру және қадағалау қиындай түсті. Рухани және өнегелік білім мен тәрбиеге қажеттілік артты. Біздің ғасыр үшін басты мәселелердің біріне өмір мен пендешіліктің ұлы мәні хақында философиялық ойлау мен зерттеу жатады. Демек заман талабы – адами тұрмыс пен болмыстың рухани және өнегелік мәніне жаңашыл көзқараспен қарау және тұжырымдамалық зерттеу жүргізу.

Қазіргі жалпы білім беру жүйесінде ғылыми бағыт үстемдік етуде, тәрбиелік маңызы бар рухани-өнегелік білімнің аясы шектеулі. Бұндай замануи үрдіс бұхаралық санаға мемлекеттік, отбасылық және тұлғалық дәрежеде құндылықтық ұстанымдардың қалыптасуына әсер етеді.

Балалар мен жастарға рухани және өнегелік білім беру, адамгершілікке тәрбиелеу – мәдени плюрализмге сүзгі және ұлттық қауіпсіздіктің түпкі басымдықтарының бірі. Жалпы, арнайы немесе кәсіби білім беру рухани бай адамды тәрбиелеуге жеткіліксіз. Өнегелі тұлғаның түйсігінде руханилық пен адамгершілік орын табуы қажет, жамандық пен жақсылықты, ғадаут пен махаббаты, зұлымдық пен мейірімділікті түсіне білуі тиіс. Осы шарттар орындалғанда ғана тұлға жетіледі, рухани өрісі кеңейді. Абай ғибратнамасында өнегелі адам «кемел (адам)» және «толық (адам)» анықтамаларымен сипатталған. Абайдың қарасөздерінде адамның рухани әлемін, жан сыры мен болмысын бағалайды, оған қатысты философиялық ойларымен бөліседі. Құнанбайұлы адам жаратылысына тән бес асыл қасиетті атайды. Бесеуі бірігіп адамды толықтық пен кемелділікке әкеледі, осылайша олар үш қасиетті құрастырады – терең ой ақылды тудырады, қанағат пен рахым жүректің түбіндегі мейірімділікке жетелейді, ал еңбек пен талап қайратты береді [6, 218 б.].

Біріншіден, ислам ғылымының өкіліне тоқталсақ, ежелгі орта ғасырлық сопы ғалым Жалаладдин Руми мынадай пікір айтады: «Адамның болмысы – ішінде әр түрлі аңдар мекендейтін орманға ұқсас. Біздің бойымызда таза-лас, жаман-жақсы, имани-қайуани сияқты мыңдаған қасиеттер бар. Егер ішкі жан шаһарында қасқыр үстемдік ете бастаса, адамның қасқырға айналғаны. Жақсылықтар мен жамандықтар да жасырын жолдармен жүрекке келіп, құйылып тұрады. Сәт сайын адамның жүрегінде бір нәрсе бас көтереді. Сол себепті адам кейде жақсы сипатқа, кейде жаман сипатқа айналып отырады» [101]. Яки Руми адам жаратлысынан өмірге бірдей сан қилы қасиеттермен келеді дейді, еш пенде ерекше болып дүниеге келмейді. Қайсы қасиеттерге басымдық берсе, тұлға соған сәйкес қалыптасады. Ал қасиеттердің үстемдігін айқындаушы бағдарлардың бірі болып рухани-өнегелік білім беру қала

бермек. Ғалым рухты күтіп ұстауда тәлім-тәрбиенің маңыздылығын тағы да дәлелдеп отыр.

Батыс ойшылдарына келетін болсақ, Аристотель хайуандар әлемінің ішінде адамзатқа ғана сөйлеу қабілеті берілген екендігін айтады. Бұндай өнер адамды өзге тіршілік иелерінен ерекшелейді, егер барлық жәндіктер ненің игілікті игіліксіз екенін, ненің әділетті бұрыс екенін айыра алмаса, адамға бұл артықшылық пен пұрсат берілген [102, 159-171 б]. Яғни Аристотельдің көзқарасы бойынша басқа мақұлықтардан адамның негізгі өзгешелігі: сөйлеу қабілеті және оны ақылға салу, қорытындылай білу, жақсы мен жаманның аражігін түсіну.

Түркі әлемінің зерттеулеріне тоқталсақ, «Қайырымды қала тұрғындары» кітабының авторы Әбу Насыр әл-Фараби адам жаратылысының үш қасиетін талдайды: ақыл, жүрек және қайрат. Әл-Фараби тұлғалық құндылықтар мен қасиеттердің негізгісі «жүрек» дейді, адамның жан дүниесі, ішкі әлемі мен сезімі. Келесі кезекте ми тұрады, ол – адамның білімі мен ақылы. Ғалымның пікірінше рухани құндылықтарсыз ақылы жетілген, білімі мол тұлға өмірде өнегелі, ізгі бағдарды ұстана алмайды.

Түркі дүниесінің тағы бір ғалымы Қожа Ахмет Ясауи өзінің хикметінде адамның тұлғалық қасиеттеріне байланысты келесі түрлерін көрсетеді: кемел, ғарип, топырақ және дертті адам. Фараби ілімінде сияқты Ясауи да руханилықты басты басымдық деп бағалайды. Оның еңбегінде мынадай ой айтылады: «Білімің – шырақ, халің – пілте, көз жасың – жағатын май» [103]. Хаққа ибадат ету және құлшылық жасау – Ясауи ғибадатына сәйкес адами болмыстың басты мәні. Ақиқат тану үшін ибадат ету парыз, ол – ұлы парасаттылық. Ғұламаның негізгі көзқарасы сопылық болғандықтан Ахмет Ясауи руханилық пен өнегелікке кенелу үшін жаратқанға деген сенім берік болу және оған құлшылық жасау керек деп жеткізеді. Ал білімнен игі пайда болу үшін ағлақпен және ғибратпен ұштастыра білу қажеттілігін түсіндіреді.

Рухани кемелдік пен өнегелік жету жолдарының бірі, тұлғаның жан-дүниесіне қатысты тәлім-тәрбиенің түрі – діни білім беру. Діни білім беру тәрбие алушының болмысына көркем мінез-құлық, өнегелі әдеттер мен парасатты көзқарастың сіңіретін құралдардың бірі, жүйелі институт.

Румындық Бабеш-Боляи университетінің ғалымы Адриан Денис Манеа діни білім беру бірнеше шығармшылық және оқу тәсілдерінің байланысуынан тұрады деп санайды. Олар − когнитивті қабілеттердің өзгеруіне бағытталған ақыл мен сезім (білім және құндылықтарды қабылдау, қағидаттар және діни ережелер), аффективтік- уәждемелік (діни нанымның пайда болуына әсер ету және ережелерді ұстану үшін уәждемелік қолдау көрсету) және мінез-құлық (діни мінез-құлыққа тән дағдыларды үйрену) [14, 519 б.]. Манеа мақалада діни тәрбие тұлғаның даралығы мен өмір салтына әсер ететін құралға айналу мүмкіндігін көрсетіп отыр. Діни білім беру ұтымды қолданылса, діннің және оған сәйкес білім жүйесінің көркем әдеп пен тәрбиенің мектебі болуға әлеуеті бар.

Діни білім адамның ақыл-ойын тереңдетуге және жан-дүниесін тәрбиелеуге бағытталған, яғни зерде мен ой-өрісін дамытудың, сонымен қатар рухани сауаттылыққа қол жеткізудің бір жолы. Ал діни білім берудің түпкі нысаны – тәрбиеленушінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін дамыта отырып рухани кемелдік пен өнегелікке жету, ол ахлақтың негізгі қағидаттары мен діни тәрбиені ұтымды ұштастырудан шығады. Мінез бен әдеп – жеке тұлғаның іс-әрекеті, жаны мен тәнінің ерекшеліктері мен қасиеттері. Ал шырайлы мінез бен көркем әдеп – инабаттылық пен рухани тәрбиенің айқын көрінісі. «Рухани әлемі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой өрісі кең адамдарды толық мінезді, кемелденген адам дейміз. Ал сол кемел тұлға болу, демек мінездің тұрақтылығы адамның алған діни және өнегелік тәрбиесінен туындайды» [104, 147 б.].

Барлық дәстүрлі әлемдік діндер адамдар және мемлекеттер арасындағы татулық пен достыққа уағыздайды, сүйіпеншілік пен сыйластыққа шақырады. Дүниежүзілік барша діни дәстүрлер мен сенімдер гуманистік көзқарасқа негізделген қарым-қатынасты қолдайды. Діни гуманисттер құдай жайындағы түсінікті жоғарғы рухани және адамгершілік құндылығы деп санайды. Ал зайырлы көзқарастағы гуманисттер рухани өмірдің жоғарғы мақсаты – адам мәнісінің бостандығын, адамгершілігін, саулығын бекіту деп санайды [15, 11 б.]. Демек гуманизм мен адамгершілікті бүкіл адамзат дүниетанымның ерекшелегі мен құрылымына қарамастан қажет етеді. Гуманистік көзқарас арқылы діни білім беру өнегелі қоғам қалыптаструға, діни экстремизм мен басқа да радикалды ағымдарды алдын алуға, ұлтаралық, конфессияаралық, дінаралық төзімділік пен келісімді нығайтуға, саф патриотизмды дамытуға жағдай тудырады. Сондықтан да діни білім мен сауаттылық бірқатар саяси-қоғамдық және әлеуметтік мәселелерді реттейтіні анық.

Дүниежүзінде зайырлы көзқарастың үстемдік етуіне қарамастан діни білім беру саяси-қоғамдық қатынастарды реттейді, теріс идеологияларға тосқауыл бола алады және ішкі әлеуметтік үдерістерді тұрақтандыруға әсер етеді. Себебі мемлекеттің рухани бірегейлігін сақтап қалу дәстүрлі құндылықтар туралы сауаттылықпен тікелей байланысты. Мемлекет пен халықтың идеологиялық тұтастығын қорғау үшін Қазақстанда және жаһандық қауымдастықтың өзге де елдерінде дәстүрлі құндылықтарды жаңғырту басты басымдықтардың бірі.

Дәстүрлі рухани құндылықтар мен өмір салтының өзгеруі жаһандық мәдени интеграция мен дамыған батыс елдерінің идеологиясы үстемдік етумен байланысты. Жаңа ағымдар дәстүрлі мәдениетке және отандық педагогикалық ділге қарама-қайшы келуі мүмкін. Кей жағдайда жаһандық технологиялық үрдістер рухани-өнегелік ұстанымдар орнын тұтынушылық психологиямен ығыстырып отырады. Дәстүрлі құндылықтар қоғамның қоғамдық өмір қарекетінің рухани саласында әлеуметтік институттар арқылы орныгады [105, 7б.]. Ал діни білім беру сондай институттардың бірі.

Қазіргі ғаламдық өзгерістер мен замануи жаңалықтар шеңберіндегі білім беру институттарының міндеті әлемдік сапа дәрежесіне сай келетін жаңартпашылық ағарту кеңістігін қалыптастыру және шәкірттерді шүбәсіз жалпы адамзатқа ортақ құндылықтар аясында руханилық пен адамгершілікке тәрбиелеу және оқыту болып табылады. Әлеуметтік мұқтаждық пен бүгінгі талап сұраныс тудырып отырған аталмыш міндеттің іске асуы оқушылардың дәстүрлі санасына, зияткерлік білімі мен ой-өрісіне, жеке жауапкершілігіне, азаматтық сезіміне, шығармашылық және мәдени бағдарына байланысты айқындалады. Сол себепті замануи білім беру үдерісі стратегиялық әлеуметтенудің әр тарапынан табылуы тиіс: білім алушының өзін-өзі басқаруы, дамытуы және тануы.

Жаңа рухани парадигманы жасау қажеттілігі руханилық феноменінің өзін тұжырымдамалық анықтауды талап етеді, ол кәдуілгі санадағы абстрактылықпен және теоретикалық-философиялық деңгейде жалпы қабылданған түсініктің болмауымен сипатталады [106, 107 б.]. Дәстүрлі рухани және өнегелік құндылықтар философия мен дінтанудың санаттарының ішінде басты орында болған және болашақта болады да. Жеке тұлға мен жалпы қоғамға деструктивті әсер ететін әлеуметтік-кеңістіктегі көптеген қатерлі үдерістерге қарамастан дәстүрлі рухани және өнегелік құндылықтардың орны шүбәсіз орталық мәнге ие болуы тиіс [107, 69 б.]. Қазіргі материалдық мәдениет өзінің ішінде руханилық пен дәстүршілдікке қарсы құрылымдарды қалыптастырады, олар ғасырлық рухани-өнегелік құндылықтардың сыртқы көрінісі болып табылады, шын мәнінде жеке тұлғаның нағыз дәстүрді ұғынуы барысында ол бұрыс бағыт болып табылады. Бұндай құрылымдық жасанды дүниелер барша өркениеттік мәдениеттің дамуы үшін өте қауіпті [108, 110 б.].

Қоғамдық дамудың бүгінгі дәуірі нарықтық қарым-қатынас пен белсенділіктің талабымен туындап отырған саяси, мәдени, экономикалық және әлеуметтік салалардағы әсерлі өзгерулерге тәуелді, сондықтан білім беру тұрпатына тікелей ықпалын тигізеді. Білім жүйесінің негізгі даму аясы: ғаламдық білім беру кеңістігімен интеграция, педагогикалық-ағартушылық парадигмалардың өзгеріске ұшырауы, оқыту бағдарламасы мен мазмұнының жаңаруы.

Білім беру институттарын жетілдіру қызметтерінің ішінде ең негізгісі – білім беру құрылымдарының бірігуі, бұндай бағдар тәжірибе бөлісуден және жалпыға ортақ құндылықтық бағыттарды үздіксіз оқытудың тәсілдерімен бөлісуден тұрады. Бірігу қарым-қатынасында бірінші болып жастардың дүниетанымын қалыптастырушы рухани және өнегелік құндылықтар есепке алынады.

Өндіріс пен тұрмыс саласында ұйымдасқан қызмет көрсетудің сапасын арттыру, жоғарғы технологиялардың қарқынды дамуын қамтамасыз ету, ғылым мен техникалық жабықталудың бәсекеге қабілеттілігін арттыру кәсіби біліктілікпен қатар адамгешілігі мол, рухани мәдениетті мамандарға сұраныс тудырады.

Мемлекеттік дамудың негізгі қайнаркөзі адам капиталы екені белгілі, яғни азаматтардың адамгершілігі мен рухани әлемі, зияткерлік ой-өрісі және жаңашылдыққа ұмтылысы мен ашықтығы. Замануи жастардың білімі мен мүмкіндіктерін, дүниетанымы мен рухани-өнегелік құндылықтарын дамыту заңмен қорғалатындығы Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында айтылған: «әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі, білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы, жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту мәселелері» [109].

Дәстүр феномені табиғи түрде өткен шақпен тамырлас, ал оның ұдайы өндірісі күнделікті тіршілікте жүзеге асырылады, және де өзекті шынайылыққа арқа сүйей отыра болашақтағы адами амалдар мен әрекеттердің ақиқаттылығын анықтайды [110, 400 б.]. Қазіргі ахуалға әлеуметтегі дәстүрлерді бейімдеу қоғамның материалды және рухани өмірінің барлық салаларында мәдени тұрғыдан жүзеге асуы арқылы іске асатыны айқын [111, 171].

Осы орайда діни білім беру дүниенің тұтастығы мен қырларын, ондағы адами болмыстың орнын түсіндіруге көмектеседі, дәстүрлі құндылықтармен қатар жалпы адамзатқа тән гуманизмді сіңіреді, дүниежүзілік әріптестік пен бейбіт арақатынасқа бейімдейді. Рухани-өнегелік дағдарыс пен плюрализм жағдайында аймақтық немесе бір реттік шара жеткіліксіз, діни білім берудің ұйымдасқан бағдарламалық кешені мен жүйелі үлгісі қажет.

Саналы адам жаратылысынан рухани мұқтаждықпен дүниеге келеді, ол құлшыныспен өмір бойы нәр беріп отырмаса, руханилыққа деген қажеттілік жойылып кетуі мүмкін немесе тұтынушылық дәрежесінде сақталып қалады. Сол себепті кез келген пенде көрсем, білсем деген мүддемен өмірге келеді, рухани біліммен сусындау – оның табиғи қажеттілігі. Тұлғаның рухани білімі тереңдеген сайын жан дүниесі өмір сүруден рахаттанады, жүрегі нұрланады. Адам қоршаған ортамен үндестікте бақытты өмір сүру үшін деректі және дерексіз азықты қажет етеді, яғни материалды байлық және рухани білім.

Рухани білім оқу-ағартушылық ордаларында көркем өнер, әдебиет пен шығармашылық, ән-күй мен би сияқты бағыттардағы пәндер арқылы толығып отырады, алайда рух тәрбиесін толық қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан негізгі тәрбие отбасында беріледі, ал діни білім беру әр жанұяның таңдауына сәйкес сол қажеттілікті қанағаттандыра алады.

Діни білім берудің негізгі екі жолы бар: дін және діндер туралы білім (зайырлы білім мекемелерінде оқытылады), дін білімі (теологиялық оқу орындарында жүзеге асырылады). Теологиялық білім көзқарасы тұрғысынан келетін болсақ, діни білім алған тұлғаның бойына имандылық ұялап, нәпсінің арбауында болмайды, тәні мен жанын залал және ерсі қылықтардан таза ұстайды, ойы мен санасын қадағалау арқылы құдайдың бергенін қанағат етеді, дүниетанымы мен ой-өрісі кеңейтеді, өзге адамдарға рақымшыл және

мейрімшіл болады, бақытты ғұмыр кешу үшін рухани білімін толықтыруға ұмтылады. Өйткені діни дәріс алушы бірінші кезекте діндар адам, ол үшін материалдық қызығушылықтар мен құндылықтар, сонымен қатар оның аясыдағы қуаныштар мен жетістіктер – өткінші құбылыстар. Өмірдің мәні рухани құндылықтардан тұрады деп санайды. Ал зайырлы дінтанулық білімге келетін болсақ, адам діндер мен діндарларға төзімділкпен қарау үшін қажетті білім жинақтайды, діни ағымдар мен конфессиялар туралы негізгі түсінік қалыптасады. Осылайша діни білім берудің осы бағыттары әлеуметке жалпы адамзатқа ортақ құндылықтарды сіңіру құралы бола алады.

Қазіргі қоғам бұқаралық мәдениеттің үстемдік ету жағдайында дамуда, ол технологиялық прогресстің жетістіктеріне арқа сүйейді, бірақ адам болмысының феномені ретінде рухани мәдениеттің мәнін қозғамайды [112, 14 б.]. Бұқаралық мәдениет рухани-өнегелік дәстүр модернизациясының құралы рөлінде қызмет етуге тырысуда, алайда оның болмысын толықтай өзгертіп жатыр, руханилық және өнегелік ұғымдарының алғашқы мәнін басқа түсінікпен алмастыру қауіпін төндіріп отыр. Әлемдік тарихи тәжірибе көрсетіп отырғандай дін көп жағдайда қоғам мен тұлғаның болмысын ұйымдастыратын басты күш, құрылымдық негіз болып табылады. Қазіргі қоғамның мәдени кеңістігінде уақыт өткен сайын дәстүрлі діндерді жаңғырту үдерісінің маңыздылығы артып келеді [113, 15 б.]. Дінге деген бүгінгі қызығушылық оның жеке тұлғаның ең асқақ сезімдері мен талпыныстары үшін бағдар бола алуымен байланысты, шын мәнінде адамның өнегелі мінез-құлқының дәстүрлі үлгісі. Әлеумет ерекше әлеуметтік-философиялық дүниетаным арқылы діни дүниетанымммен табиғи тығыз байланыста [114, 32 б.].

Кейбір зерттеушілер мен ғалымдар рухани-өнегелік тәрбие тікелей діни білім берумен байланысты деп санайды. Қарама-қарсы топтың өкілдері болса рухани білім діннен басқа ұлттық мәдениетпен беріледі деп санайды. Ал бүгінгі күні қалыптасқан жалпы білім беру мектебіндегі оқу үдерістері рухани тәрбиені толықтай қамтамасыз ете алмағандықтан оқушыларға арнайы қосымша білім беру қажеттілігі туындайды. Оның мақсаты өнегелі азаматтарды тәрбиелеумен қатар табиғи қабілеттері мен мейірімділік қасиеттерін, шығармашылық өрісін одан әрі дамыту болып табылады.

Адамзат тарихы мен шежіресінен ілім мен діннің пайда болу тегі мен түбі ұштасып жатқандығын көруге болады. Діни жазбалардан қоршаған айнала мен ғаламшар кеңістігі туралы болжамдар мен ұғымдарды, ғылыми зерттеулер мен мәтіндерді, алғашқы дүниетаным жөнінде ақпаратты табуға болады. Уақыт өте келе мұндай тұжырымдамалар ғылыми зерттеулердің дамуымен жаңа кейіпке ауысты. Тарих беттерінен діни институттар ғылымды жоққа шығарған дәуір мен кезеңдерде қоғамның дамуы қаншалықты артта қалғанын байқаймыз.

Неміс ғалымы И.Кеплер жаратқанның күш беруінің арқасында өз зерттеуімді жасадым және менің ақылымның мүмкіндігі жеткенше ұлы шексіздікті түсініп адамдарға оның (құдайдың) жасаған шығармасын

түсіндіруге тырыстым дейді [115]. Дін адамның құдаймен байланысын зерттейді. Оған бұл дүние өздігінен қызықтырмайды, трансцендентті әлеммен байланыста ғана қызықты. Құдай – адам күшінен, хайуандар тіршілігінен тыс құдыретті күш. Оған жақындау үшін адам оқуы, ізденуі, зерттеуі қажет. Пенденің тек рухы ғана құдайға жақындай алады, сондықтан руханилық дамиды.

Ал ғылым материалды әлемді және оның құрылымдық механикасын зерттейді. Ғылым құдайды зерттемейді, алайда әлем қалай жасалғанын, ол қандай механизмдер мен заңдарға бағынатындығын түсінуге тырысады. Сондықтан техникалық әлем дамиды – көлік, компьютер, байланыс құралдары және т.б.

Екі бағыттың мұндай айырмашылықтарын бірден байқауға болады, егер дұрыс баға берілсе, ғылым мен діннің арасында қарама-қайшылық жоқ. Ғылым әлемді көлденеңнен, ал дін тігінен зерттейді. Дін жасушаның химиялық құрамы мен мидың құрылысы туралы ештеңе айтпаса, ғылым өмірдің мәні туралы ештеңе айтпайды.

Бұл айырмашылықты ғылымның негізін салушылар жақсы түсінгенмен адам ойлары мен ілімдердің дамуымен жоғалып кетті. Ғылыми ойлардың қарқынды дамуы оның (ғылымның) дербес күші бар екендігіне сендіртті. Сол себепті ғылымның жетістіктері дінге қарама-қарсы қойылды. Орыс ғалымы С.Франк былай дейді: «білімі жеткіліксіз кейбір адамдар ғалым және білімпаз болу дегенді міндетті түрде натурализмді жақтаушы деп түсінеді. Жиһанда табиғат күштерінен басқа нәрсе жоқ деп есептейді және басқаша ойлайтындарды надан ырымшылдық (соқыр наным) пен ескішілдік деп айыптайды» [116]. Адам өмірінің екі өлшемін (көлденең және тік) қарама-қарсы қойғанда ғылым мен дін туралы мифтер пайда болады.

Рухани педагогиканы қалыптастыруда қандай қиындықтар туындайды?

1) плюралисттік әлеуметтік-мәдени ахуалда фундаменталды жүйенің болмауы, мазмұндық бағдарламаның жоқтығы;

2) қалыптасқан жағдайға рухани-өнегелік білім беру мен тәрбиелеуді бейімдеу және мектептің білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруда рөлінің төмендеуі;

3) оқу орындары мен білім беру мекемелерінда жалпыадамзаттық және дәстүрлі құндылықтарды ұтымды жолмен сабақтастыра білу.

Келтірілген талдаулардан мынадай қорытынды жасауға болады: қазақстандық қоғам үшін рухани-өнегелік тәрбие мен діни білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық мәселелерін шешу; діни сауаттылық пен ағартушылықтың кешені мен жүйесін қалыптастыру; діни білім беруді, зайырлы дінтанулық білімді, рухани тәрбиені ұлттық дәстүрлі құндылықтармен ұштастыру қажет.

1.3 Қазақ жеріндегі діни ағартушылық ой және білім берудің орнығуы (мектептер мен институттар)

Мемлекетті құрайтын негізгі этникалық топтар діни білім берудің қалыптасу жүйесі мен бағытын анықтайды. Бұл қағидатқа қазақ даласындағы сан ғасырлық педагогикалық-ағартушылық ой мен діни білім берудің үлгісі ислами (түркі дүниетанымына сәйкес ислами) жүйеде болғаны дәлел. Қазақ хандығында діни-конфессиялық білім болса, орыс патшалығының отарлау саясаты дәуірінде жартылай зайырлы болды, ал кеңестік кезеңде толықтай атеисттік бағдарды қолдайтын білім жүйесі қалыптасты. Сондық қазақ білім жүйесінің тарихи кезеңдерін келесі хронологиямен көрсетуге болды: түркі дәуірі; қазақ хандығы; орыс патшалығы; кеңес одағы кезеңі; тәуелсіз Қазақстан.

Қазақ жерінде барлық мұсылман елдерінде сияқты «мектеб» және «медресе» атты діни білім берудің институттары қалыптасты. «Мектеб» бастауыш білім беру сатысы болса, «медресе» жоғарғы оқу орнының қызметін атқарды. Бұндай оқу құрылымдары туралы алғашқы деректер VIII ғ. тарихи шежіресі мен жазбаларында табылған. Ортағасырлық ислам білімі мен ғылымының ерекше қарқынмен дамуы және өркендеуі IX-XII ғ.ғ. тұспа-тұс келеді. Осы ғасырларда түркі дүниесінің ұлы ойшылдары өмір сүрді және ғылыми еңбектер жазу саласында үлкен жетістіктерге жетті. Ортағасырлық түркі ғұламаларының зерттеулері сол замандағы өркениеттің негізгі тілі ежелгі түркі тілі болғандығын айғақтайды, яғни мемлекет пен саясат тілі, мәдениет тілі. Көне түркі тілінің ғылым саласында дамуы теологиялық және діни дәстүрдің қалыптасуына әсер етті. Түркі тілі парсы және араб тілдері сияқты ислам өркениетіндегі ғылыми еңбектер мен әдебиеттер тілінің қызметін атқарды.

Баласағұн, Исфиджаб, Сауран, Сүткент, Шаш, Мәуренаҳр, Жент, Сығанақ,Түркістан, Отырар және Сауран сияқты ежелгі түркі қалаларында IX ғасырдан бастап араб өркениеті саяси үстемдік ете бастады, сол себепті X ғасырдан бастап бұл территорияларда ислам ілімдері дамып, рухани тәлім-тәрбие мен білім ордалары қалыптаса бастады, олар – медреселер мен теккелер. Ислам руханияты мен мұсылман ағлақтық-этикалық қағидаттарына сай келетін институттар құрылды [117]. Әлеумет шариғат қағидалары мен ислами нормалар арқылы тәртіпке салынып отырған, осы жүйеге сәйкес әлеуметтік, экономикалық және басқа да қоғамдық қатынастар реттелді. Мысал ретінде Сайрам шаһарын алатын болсақ, сол дәуірде Аббасидтер халифатының ықпалында болған еді [118, 247 б.]. Исфиджаб қаласында Әбу Ханифа мазхабы аясында құқық мектебінің (фиқх) көрнекті өкілдері шықты. Аталмыш қала саяси-қоғамдық, шығармашылық пен қолөнер, экономикалық-сауда орталығы болып қана қоймай, сол заманда Дешті Қыпшақ және басқа да жақын аймақтар үшін исламның негізгі тартылыс күшіне, кіндігіне айналды.

Ерте орта ғасырларда түркі өркениеті заманына сай ықпалды мәдениет пен дамыған ел болды, жалпы адамзат өркениетінің дамуына орасан еңбегін сіңірді. Бірнеше топтар мен тайпаларға бөлінген дала халықтарын біріктірген осы ежелгі түркі өркениеті болатын, ол тұрақты интитуционалданған ғылым

мен білімді, мәдениетті қалыптастырды. Солайша өз дәуірінің қуатты саяси бірлестігіне айналды. Көне түркі өркениеті қазіргі түркі тілдес және түркі тектес елдердің мәдениеті мен салтына, ділі мен дүниетанымына әсер етті.

Әзірбайжан түріктану ғылымының өкілі Э. Наджип келесі түйіндемені жасаған: «...түркі тілдес халықтардың көне жазба әдебиетін қалыптастыруда бүгінгі татар, башқұрт, өзбек, қазақ, қарақалпақ, түрікмен, әзірбайжан халықтарының ата-бабалары белгілі дәрежеде үлес қосты» [13, 94 б.].

IX ғасырға тән түркілік ауызекі әдеби дәстүрдің өкілі, сазгер әнші Қорқыт ата пендеге берілген ғұмырдың соншалықты шолақ болуына наразы болып, адамзатты өлім мен ажалдан құтқарудың жолын іздеп толғайды. Қорқыт ата әдеби поэзияны сөйлету арқылы, қобызбен әуендету арқылы қазалы жанның сезімін, үрейі мен жанын жегідей жеген күйін жырлайды. Біздің заманымызға дейін жеткен бұл әдеби туындылар мен мұра Сыр жағалауын мекендеген көшпенді халықтардың діни наным-сенімдерін, әдет-ғұрпы мен тұрмыс салтын сипаттайтын негізгі деректердің бірі болды. Тәлім-тәрбие тұрғысынан да тарихи поэзиялық мирас болып саналады [119, 29 б.].

Түркі қағанты IX-X ғасырларда құлдырап ақыры бірнеше елдер мен мемлекеттерге ыдырайды, осындай тарихи оқиғалар Араб Халифатының Орталық Азияға, сондай-ақ қазіргі Қазақ даласындағы елді-мекендерге үстемдікке ие болуына жағдай жасады. Араб өркениеті ислам дінін білім мен ғылым арқылы сіңіруді көздеді. Сондықтан да түркі тектес халықтарға ортақ ғалымдар – Ибн Сина, Бируни, Науаи, Баласағұни, Қашқари, Яссауи, Фердоуси, Фараби, Низами және т.б. араб тілін үйреніп мәдениетіне машықтанды. Араб-мұсылман әлемі Орта Азия территориясында ғылыми прогресс пен төңкеріс жасады, аймақтағы шаһраларда діни білім беру институттары қалыптасты, ғылым мен білім жүйесінің дәрежесі күшейді. «Медреселер діни ілімдермен, дәрістермен ғана шектеліп қоймай, арифметика, медицина, фәлсәфә, дінтану, астрология сияқты әлемдік маңызы зор пәндерді беруді мақсат етті» [120, 87 б.].

Әбу Насыр әл-Фараби – ортағасырлық қазақ жерінен шыққан ғылым мен мәдениет қайраткері, ғалым-энциклопедист. Әл-Фараби – ислам философиясының негізін салған зерттеуші, тарихата екінші ұстаз немесе шығыс Аристотелі деген атпен қалған. Мұндай қолпаштау мен мойындауға әл-Фараби көзі тірісінде-ақ қол жеткізді, ол логика мен философия аясында таңқаларлық жетістіктерге ие болды, Аристотельге дейін және кейін бұл салаларда дәл осындай ғылыми табыстарға жеткен әл-Фараби ғана еді. Ол «Поэзия өнері хақында», «Қайырымды қала туралы трактат», «Бақытқа жету», «Фәлсәфәнің дінге қатынасы» және т.б. ғылыми шығармаларды артынан қалдырды. Ал «Ғылымдарды жіктеу туралы сөз» кітабы ғылым энциклопедиясы атағына ие болды. Бұл туынды X-XII ғасырларда латын және грек тілдерінде аударылып жарық көрді. Фараби музыка ғылымын зерттеумен де айналысқан, оның теорияс туралы жазбалар қалдырды. Ұстаз озық ойының арқасында ғылыми еңбектерінде түркі, араб, парсы, грек, үнді және басқа да мәдениеттерді тоғыстыра білді [121, 156 б.].

Ислам өркениетінің шарықтау шегі IX-XI ғасырлар болды, себебі осы кезеңде мұсылмандық мәдениет Орта Азия, Таяу Шығыс, Үнді аймақтары сияқты алып территорияға тарады. Кең аумақтарды қамтумен қатар үздік өркениеттілікті көрсете білгендіктен исламның алтын дәуірі деген атпен тарихи шежірелерде қалған. Батыс шығыстануының өкілі Христиан Адам Мец бұл ғасырларға «мұсылмандық ренессанс» деген атау берді [122]. Кейінірек араб өркениетінің саяси үстемдігі ығыстырылды, түркі тілі мен білімінің жаңа серпілісі басталды. X-XIII ғасырларда сұлтанат құрған Қарахан хандығы исламды мемлекеттік дін деп қабылдайды. Білім беру жүйесі мен ғылымда жоғарғы жетістіктерге жетеді, түркі тілі мен мәдениетінің дамуына айтарлықтай үлес қосқан ортағасырлық ірі қағанат болды.

Жүсіп Баласағұни – аталмыш қағанттың жарқын зияткері.Оның негізгі еңбегі болып «Құтты білік (Құтадығу біліг)» табылады. Бұл туынды Қарахан мемлекетінің басқарушы әулетінің өкілі Боғра қағанға арналған болатын [10]. Туындыда Есіккөл, Жетісу және Қашқар аумағында орналасқан елді мекендерде болған уақиғалар сипатталған. Шығармада қарлұқ және оғыз тайпалары, Қашқария, Тараз және Баласағұн шаһарларының атаулары баяндалады. «Құтты білік» − ежелгі түркі тілінде жазылған энциклопедиялық ескерткіш және біздің заманға дейін сақталып қалған қазына. Баласағұни өзінің еңбектерімен ағартушылық мәселелерді шешіп қана қоймай, саяси сұрақтарды да реттеуге тырысты. Жүсіп Баласағұни көшпелі салтқа бейімделген Қарахан тайпалары мен әулетін отырықшы мәдениетке жетеледі, осы орайда Мәуренахр және Шығыс Түркістан елдерін үлгі тұтты. Ғалым саяси-қоғамдық қатынастардың ұтымды құрылымдары қандай болу керектігін көрсетті. Ол бірқатар әлеуметтік топтарға сипаттама берді, оларға тән мінез-құлықты және іс-әрекетті анықтады. Сондай-ақ Баласағұни елшінің, қазына қызметкерінің, дәрігердің, аспазшының, бақташының, хатшының, уәзірдің, ғалымның, басшының және т.б. мансап иелерінің қандай артықшылықтары мен қасиеттері болу керектігін белгіледі. Тоқ етері Жүсіп Баласағұнидің басты өмірлік гуманистік философиясы жақсылық жасау мен тарату болды.

Қарахан қағанатында ақсүйектер қатарынан шыққан ғалымдар да болды, оның мысалы – Махмұд Қашқари. Қашқаридің негізгі ғылыми туындысы − «Диуана-лұғат-ат-түрік». Бұл тарихи ескерткіште автор орта ғасырдағы түркі тектес ұлыстарлың тұрмыс салтын, мәдениеті мен дәстүрін, этностардың шежіресін, жағрафиялық аймақтарды сипаттайды [123, 55 б.]. Энциклопедиялық туындыда «ежелгі» және «басты» жиырма шақты түркі тілдес халықтар хақында кешенді ақпарат берілген, соларға тән мәдениет пен дәстүр, әдет-ғұрып жайында мағлұмат берілген, этнографиясы мен тарихын суреттелген. Сондай-ақ байырғы түркі тілдеріне жіктеме жасалды, эпсана, өлең-жыр, эпос сияқты ауыз әдебиетінің басты жанрлары сарапталды, оның ішінде 290 мәтел мен мақалдарға талдау жасалды. Сонымен қатар 7500 сөзден тұратын лексикаға түсініктеме жасалды, олар қырғыз, түркімен, түрік,

оғыз сияқты ұлыстардың тілдік ережелеріне сай құрастырылды. Бұдан Қашқаридың «Диуана-лұғат-ат-түрік» еңбегі қазақ жерінде ғылыми-педагогикалық ойдың қалыптасуына зор үлес қосқандығын айтуға болады.

Қазақ даласындағы ерте ортағасырлық ғылыми ойлар мен алғашқы педагогикалық құрылымдар Қожа Ахмет Ясауидің есімімен және оның іліми мұрасымен байланысы бары анық. Шейх Арыстан-баб Ахмет Ясауидің рухани бағдары мен ұстазы болды. Тәлімгері дүниеден озған соң Ясауи қазіргі тәуелсіз өзбек жеріндегі Бұхара шаһарына қоныс аударады. Жаңа жерде сопылық бағытта ғылым мен білім жинақтайды. Ғалым ақиқат пен хақты түсінуге талпынады, зерттейді, оны халыққа жеткізуді мирас тұтады. Ясауи сопылық бағытты ұстанады, тариқатқа бағыну және оған қызмет ету шынайы нағыз сенімнің белгісі деп түсінеді. Қоғамдық тұрмыс салттары мен көзқарастарына тариқат дүниесінің әділетті табиғаты мен шынайы болмысын туралады. «Диуан-и-хикмет» немесе қазіргі қазақ тілінде «Даналық кітабы» сопы ғалымның негізгі туындысы болып табылады [124, 272 б.]. Автор сопылықтың құндылықтарын зерттейді, адам қоршаған ортамен және қоғамдағы өзге тұлғалармен үндестікте тірішілік ету керек деп есептейді. Автор адам бірінші кезекте ар-ұятымен есептесу тиіс дейді, әділеттілік пен мейрімділікке шақырады, дінге еріктілік болу керектігін айтады. Сопы елдің тағдырына жауапты мемлекеттік қызметкерлер мен басшылардың рухани әлемі мен ұжданына алаңдайды, халықтың келешегі назар аударады. Қожа Ахмет Ясауи мен оның ізін қуушы шәкірттерінің негізгі мирасы – түркі халықтарының дүниетанымдық таптауырындарымен, тәңіршілдік көзқарасымен ислами идеалогияны ұштастыра, үндестіре алуы.

Ахмет Жүгінеки – XII ғасырдың түркі дүниесінің мұсылмандық ренессанс дәуірінде өмір сүрген, қазақ педагогикалық ойларын қалыптастыруға үлес қосқан алғашқылардың бірі. Ол бүгінгі Түркістан қаласының аумағында қазақ топырағында Жүгінек деген аймақта туылған. Ғалым өзінің туындыларында даналықтың үлгілерін дәріптейді, тәлім-тәрбиелік және рухани құндылықтарға назар салады.

Ахмет Жүгінекидің негізгі туындысы «Ақиқат сыйы» деп аталады. Бұл еңбек тұңғыш рет қазақ тілінде 1985 жылы Б.Сағындықов пен Ә.Құрышжановтың аудармасымен жарық көрді [12]. Жүгінекидің «Ақиқат сыйы» түпнұсқасы дидактикалық дастандар қатарына жатады, ол – діни-философиялық туынды. Автор дидактикалық ойларын жеткізе отырып, нақыл сөздер мен ғибратнамалық өсиеттерін жеткізеді. Ахмет Жүгінеки адамға тән көркем мінезбен, іс-әрекетпен тамсанады, оларға келесі ұғымдарды жатқызады: ізгі мінез-құлық, инбаттылық, имандылық пен адамгершілік. Аталмыш дастанның мазмұнына мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер кірген, бес жүз төрт өлең жолдарынан құралған. Ақын дастан желісінде білім жинау пенде үшін қаншалықты маңызды, адамзат үшін қаншалықты қажет екендігін жеткізеді, сонымен қатар жұтаң, тұрмысы төмен адамдар білім алуға ерекше зәру болуы тиіс деп санайды.

Жүгінекидің білімді қадірлегені, оны басты басымдық ретінде қарастырғаны «Ақиқат сыйы» дастанындағы келесі үзінділерден анық байқаймыз: «Білімді әйел – ер, надан еркек – әйел», «Надан – тірі дегені болмаса, аты өлік», «Білімді адамның өзі өлгенмен, аты өлмейді», «Білімсіз надан – құны жоқ бақыр», «Сүйекке – май, адамға – білім керек».

Жалпы алғанда жоғарыда айтылған түркі дүниесінің ғалымдары – қазақ даласы мен Орта Азия халықтарында педагогикалық және ағартушылық жүйенің, институттардың негізін қалаған ойшылдар.

Қазақ топырағында ортағасырларда матуриди – суни бағытындағы кәлам ілімінің фәлсәфә мектебі болды, оның жергілікті өркениет пен ислами білім беру жүйесіне ықпалы зор еді. Ойшыл Әбу Мансур әл-Матуриди аталмыш ілімнің іргесін қалады. Әл-Матуриди Самарқанд өлкесінде дүниеге келген, өсіп-өнген. Ол фиқh (заңнама) саласында Әбу Ханифаның ізбасарына айналды, ғалымнан қалған рухани және ғылыми мирасты жүйелік эпистемологияны қолдана отырып тұңғыш рет жүйеге келтірді, тұжырымдады. Әл-Матуриди ғылыми еңбектенудің арқасында «Матуриди ақидасын» жарыққа шығарды, ол сенімнің қырларын және оның негіздерін кешендеген «білімдер жүйесі» болып табылады [125].

Ортағасырлық тағы бір ислами ғалым Әбул Хасан әл-Ашаридің көзқарасы мен нанымдарына Әл-Матуридидің философиясы ұқсас, тұспалас келеді. Әбул Хасан кейінірек өзінің есімімен аталған ашари кәлам мектебінің негізін қалады. Ашари мектебінің аясы кең, мұсылмандық теологияда ықпалы зор бағыт. Ашари мен матуриди бағыттары «құдай болмысы» және «құдай атрибуты» ұғымдары шеңберінде әртүрлі көзқараста болғанымен, қос мектептің философиясы мутазилиттердің шерік қатушылық пікіріне балама жауап ретінде жаңадан доктрина жасады.

Тарихи деректер мен шежірелерден қазақ халқы ежелгі уақыттан бері ғылым мен білім беруге, ұрпақ тәрбиелеуге ерекше мән берілгені байқалады. Сол себепті тарихи-әлеуметтік кезеңдерді ескере отырып діни білім беру тәжірибесі мен жүйесі қазақ хандығы (XIV-XVғ.ғ.) құрылған дәуірден бастап қана емес, көне заманнан бастау алғандығы зерттелуі тиіс. Ұлы даланы мекендеген түркі тектес халықтардың көне өркениеті жалпы шығыс мәдениетінің қайнаркөзіне айналғаны хақ, түркі жұртшылығы ортақ дінге сеніп, бір тілде сөйлеп, байтақ жерді мекендеген. Бүгінгі күні түркі тілдес халықтары үшін білім мен ғылымның ортақ тарихи және мәдени бастаулары болғандығын тарих беттерінен көреміз.

Жоғарыда айтылғандай қазақ даласындағы бастапқы ғылыми ойлардың шежіресі ерте заманнан келе жатқан мұра. Оның негізі қалыптасып басты ғылыми оқиғалар өткен дәуір VI-XI ғ.ғ. еді. Әсіресе қазіргі Қазақстан территориясының оңтүстік аймағы айрықша маңызды болды, оның ішінде Түркістан (бұрынғы Яссы) және Отырар (бұрынғы Фараб) шаһарлары жоғары өркениетті ғылыми ордалар еді. Аты танымал «Отырар кітапханасы» сол кезде Мысыр жеріндегі Александриядан кейін кітап қоры тұрғысынан ең ауқымды сақтау орны болғаны тарихи жазбалардан белгілі.

Қазақтың бүгінге дейін мекені болып келе жатқан ұлы дала – өркениеттер қақтығысының сан ғасырлық қуәгері. Экономикалық сауда байланыстарын жүзеге асырушы транзиттік жол, әрқилы мәдениеттер арасындағы жалғастырушы көпір. Ерте ортағасырларда «Ұлы Жібек жолы» байланыс құралы мен қарым-қатынас қызметін атқарды. Жібек жолы сауда тараптарын дамыта отырып озық мәдениетті жетеледі, білім мен ғылымның трансформаторы ретінде алтын із қалдырды. Ықпалды ірі қалалар Жібек жолының бағыты бойынша өркендей түсті, экономикалық даму білім мен ғылымның одан әрі дамуына үлкен үлес қосты.

Ірі шаһарларда медреселер мен мектептер қызмет етсе, көшпенді халық арасында жылжымалы мектептер білім берді және олар ауылдарда үлкен танымалдыққа ие болды. Ауыл тұрғындары бұндай мектепке бөлек киіз үй арнайтын, осындай ортағасырлық мекемеде ағартушылық қызмет жүзеге асырылды. Әдетте жылжымалы мектептер жайлауда жұмыс атқаратын. Мектептер үздіксіз қызмет ету үшін тұрғындар ерікті түрде қаржы бөліп отырды. Көп жағдайда қалалық не ауылдық жердегі білім алушылар ер балалар болды.

XIII ғ. Орта Азияға, оның ішінде Қазақстан территорияна Шыңғыс хан шапқыншылық жасайды, аталмыш аймақты жаулап өзіне бағындырады. Осы кезеңде ислами өркениет пен жалпы мәдениеттің тоқырауы бой алады. Сол күнге дейін білім ордалары, мәдениет ошақтары болып келген Сығанақ, Отырар, Исфиджаб және т.б. қалалар құлдыруға ұшырайды. Кітапханалар, медіреселер, сауда орындары, мешіттер қирап, шаһарлар талқандалып күйзеліске ұшырайды.

Ислам діні қазақ ұлтының санасының, этникалық мәдениетінің және дүниетанымының қалыптасуында орасан зор із қалдырды. Мұсылмандық институттардың пайда болуы мен қалыптасуының саяси, қоғамдық және мәдени тараптарын зерттеуде қазақ даласында исламның қызмет ету тарихын, оның тәжірибесін қарастыру аса маңызды болып табылады.

Қазақ елінің ұлттық дәстүрлі ерекшеліктеріне сай ислами фундаментализмнен өзгеше мұсылмандық мәдениет қалыптасқан. Қазақи ислам ата-баба дәстүрімен, жергілікті халықтың санғасырлық ғұрыптарымен үндеседі. Қазақи мұсылмандық пен исламға дейінгі салттармен көркем үйлесімділік. Дала мәдениетінің санғасырлық тарихында араб және түркі дүниесінің жетістіктері қайталанбас өркениет кеңістігіне айналды. Жүзжылдықтар бойы ұлттық рухани құндылықтар мен ислам дәстүрі ұштаса білді. Халыққа тән ислам тарихы ерекшеліктері мұсылмандық білім беру жүйесіне ықпалын тигізді, интеграциялық үрдістер орын алды. Ең бастысы қазақи болмыс пен этникалық табиғатты сақтап қалу мүмкіндіктері жүзеге асты. Сол себепті қазақ тарихындағы халықтық білім беру жүйесін зерттеу маңызды болып табылады.

XX жүзжылдыққа дейін дәстүрлі ислам оқу орындары – медреселер мен мектептер білім алудың жалғыз жолы еді. Яғни білім берудің өзге діни дәстүрге негізделген түрі, сонымен қатар зайырлы білім беру мекемелері

болмады. Қазақ халқының ұлттық дүниетанымы мен сана-сезімі туралы сөз қозғалғанда ислами ағарту ісінің терең із қалдырғанын байқаймыз. Көшпелі тұрмыс салты білім алу жүйесінің орнығуына айтарлықтай қиындықтар тудырады, ондай шарттарға қарамастан сауаттылық халық арасында таралып отырды. Білім беру мекемелерінде халықтық әдебиет, салт-дәстүлер, этнопедагогика мен этнопсихология дамып отырды, сол себепті халықтық дүниетанымға қарсы шықпай, оның құндылықтарымен үндесе білді. Сондықтан қазақ тарихы шежіресінде ислам рухани мәдениет пен академиялық білімнің қалыптасырушы негіздерінің бірі ретінде қалады, сондай-ақ қоғамдық өмір салтын анықтаушы факторлардың бірі болмақ.

VII ғ. бері білім мен ғылымның, сауаттылық пен ағарту ісінің, мәдениеттің дамуы Орта Азия, Орта және Таяу шығыс аймақтарында исламның басым әсерімен дамыды. Медіреселер мен мектептердің басты мақсаты ағартушылық болса, олардың аясында исламды кеңірек тарату және ықпалын арттыру болды. Сонымен қатар сектанттықпен, күпірлікпен, надандықпен және жаратушыға тіл тигізумен күресті. Себебі Мұхаммед пайғамбардың өмірден озуымен байланысты бастапқыда шиизм мен суннизм пайда болса, кейінірек басқа да ағымдар тарих сахнасына шықты. «Жергілікті идеологияға қарсы келген жағдайда оларды оқытуға тыйым салынып отырды. Осы кезеңде дін мен білімнің тіліне араб тілі айналды. Мектебтерде мұғалім қызметін моллалар мен теологтар атқарды» [120, 92 б.].

«Медіреселер» мешіт жанында салынып, білім берудің негізгі мекемесі болды. Ортағасырлық тарихи жазбаларда Баласағұнның өзңнде 40 мешіт пен 20 медіресе болғандығы айтылады. Діни білім берудің ислами жүйесі ханафи мазхабына негізделді.

Медреселер білім берудің деңгейлеріне байланысты төрт сатыға бөлінді: 1) Ибтидаия (бастауыш – оқу мерзімі төрт жыл), 2) Рушдия (оқу мерзімі үш жыл), 3) Игдадия (жоғарғы білімге дайындық – оқу мерзімі үш жыл), Алия (жоғарғы – оқу мерзімі үш жыл). Соңғы сатыны аяқтаған түлектерге «абыз» (данышпан, дін қызметкері), «молла», «халфе», «муддарис» (факих, медіресе оқытушысы) атақтары беріліп отырды. Жалпы алғанда оқу үдерісі 12-13 жылды құрады [57, 20-24 б.]. Түлектер діни ілімді меңгеріп қана коймай, түрлі ғылымдарды да оқыды.

Сол уақыттарда азын-аулақ білімі бар адамдар мұсылман дін басылар болып саналды. Олардың қатарына қазилер, муддаристер (медіреседегі оқытушылар), мектептердің ұстаздары, имамдар (медіресенің шәкірттері), қажылар (Меккеге қажылыққа барғандар), қиссашылар кірді. Қазақ қоғамында молда және имам сөздері қолданылады, біріншісінің этимологиялық мағынасы араб тілінен енген – тақсыр, басшы дегенді білдіреді, ал екіншісі алдыңғы, дін басы, діни ғалым деген мағынаны білдіреді [126, 46 б.]. Сонымен қатар халық арасында «қожа» және «ишан» құбылыстары орын алды, олар ұстаз, тәлімгер деген ұғымды білдірді.

Патша үкіметі дәуірінде Қазан және Уфа қалаларындағы білім беру мекемелерінің ролі күшейді, олар қазіргі Қазақстанның діни білім беру

жүйесінде де із қалдырды. Аталмыш кезеңде ислами білім беруді реформалау туралы қадымшылдар (ескішілдер) мен жәдишілдер (жаңашылдар) арасында пікір-талас туындады. Кеңес дәуірінде болса мемлекеттің атеистік идеологиясына сай діни білім беру әлеуметтің қажеттіліктерін қанағаттандыратын элемент ретінде қарастырылмады. Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясында келесі деректер келтірілген: 1923 жылы Ақмола облысында 42 медіресе жұмыс жасаса, 1986 жылы 13 медіреседе 970 шәкірт білім алды. Осы жағдайдың арқасында жергілікті дәстүр өзектене түсті, діни білім берудің белгілі түрлерінің пайда болуына әкеп соқты. Мәселен, «кеңестік ислам» құбылысы ретінде «худжралар (бөлмелер)» пайда болды. Олар жергілікті дәстүрлерге негізделгенмен сыртқы әлеммен байланысы тоқтатылды, яғни шетелдік маңызды ислами әдебиетпен танысу мүмкіндігінен қол үзді. Діни білім беру шеңберіндегі тұрғындардың бұндай тәжірибесі жергілікті дәстүрлердің күшеюі мен саяси және діни сұрақтарды қарастыруда либералды көзқарасқа жол беруге әкеп соқты [127] .

Түйіндей келе, қазақстандық діни білім беру жүйесінің мектебі ерте ортағасырдағы білім мен ғылымның даму тарихынан бастау алатындығын айтамыз. Осы орайда қазақстандық діни білім берудің өзіндік моделі мен ерекшеліктері қазіргі заманғы білім және ғылым саясатында ескерілуі тиіс.

2 ДӘСТҮР АЯСЫНДАҒЫ ДІНИ БІЛІМ БЕРУ ФЕНОМЕНІ

2.1 Діни білім беру әлеуметтік-мәдени феномен ретінде: салыстырмалы талдау

Дін рухани мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде санаға, дүниетанымға, кез келген әлеуметтік қауымдастықтың рухани әлеміне және сол қауымдастықтағы басым әлеуметтік идеологияға әрқашан әсер етеді. Қазіргі Қазақстанда атеизмнің орнына келген діни ренессанс жағдайында дін ұлттың рухани жаңғыруының қайнаркөзі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар қоғамды тұрақтандырудың факторы, әлеуметтік өзгерістердің рухани өзегі ретінде қабылданады.

«Дін» феноменінің мәні мен мағынасын түсінуге; оның априорлы мінездемесін, адамзат тарихы мен мәдениетіндегі ролі мен орнын, қоғам мен тұлғаға әсер ету түрлерін суреттеуге тырысу зерттеушілер тарапынан әртүрлі ғылыми тәсілдер арқылы жүзеге асырылды. Ғалымдардң көпшілігі «дін» термині латын тілінен (religio) алынғанда екі түсініктеменің қосындысы деп есептейді – адам мен Құдай арасындағы қарым-қатынас және оның мәдени салдары. С.Н. Булгаковтың пікірінше, діни санада дін Құдайды тану және Құдаймен байланысты сезіну болып табылады [17]. Ал П.А. Флоренский болса, дін онтологиялық тұрғыдан алғанда біздің Құдайдағы өміріміз және Құдайдың біздегі өміріміз, феноменологиялық тұрғыдан алғанда рухқа құтқаруды қамтамасыз ететін әрекеттер мен төзушіліктің жүйесі деп есептейді [128].

И. Кант дінді Құдайға жетудегі танымның бір түрі деп санады. Оның пікірнше, дін табынудың әдістеріне және іс-әрекеттің түрлеріне қарай әр түрлі қалыпта бола алатын өмір мен ойлардың рухани бейнесін қамтиды [19]. С. Л. Франктың ойынша, діни көзқарастардың әртүрлілігіне қарамастан, дін әрқашан абсолютті құнды шынайылыққа деген, бастаудың барын мойындауға деген сенімді білдіреді, діннің ішінде болмыстың шынайы күштері мен рухтың мінсіз шындығы үндескен [20]. Бұның бәрі діни құбылыстың әлеуметтік мағынасын жоғары бағалау үшін және адамзаттың тәжірибелік ақылын құрастыру мен бекітуде қоғам алдындағы қызметін бағалау үшін негіздеме болады. Бұл анықтамалар дінді адамзаттың құндылықтық бағдарларын анықтайтын рухани негіздеме екенін мойындайды.

XX ғ. философы К. Доусон іс жүзінде халықтың діні оның мәдениетімен шектеулі және шартталған болса, теория жүзінде мәдениет адам өмірін құдайшыл шынайылыққа алып келуге және оны құдай билігіне бағындыруға әдейі алып келетін күш деп санайды [21].

К.Гирц діннің мәнін дін адамдарда жоғарғы, барлығын бірдей қамтитын және тұрақты көңіл-күй мен ынталандыру тудыратын нышандар жүйесі деп санайды; ол болмыстың жалпы тәртібі туралы түсінік қалыптастырады және бұл түсініктерді ақиқатқа жетелейді, ал бұл көңіл-күй мен ынталандыру жалғыз шынайылылық болып қабылданады деп есептейді

[22]. Сол себепті дін бір мезгілде мәдениеттің нышаны мен мазмұны, қайнаркөзі мен таратушысы; күнделікті және киелі тұрмыста тұлғаға тірек болатын рухани ізденістегі тұрақты қажеттілік болып табылады. Кез келген дін, біріншіден, шексіз күрделі жүйе, екіншіден, оның тарихы барысында қалыптасқан жүйенің бөлігі болып табылады; осылайша сол бөліктің тек аз ғана бөлікшесі «қазіргі жағдай» ретінде анықтауға болатын зерттеуге жетеді. Дін – рухани өмір үлгісінің бір түрі, әлемді меңгерудің тәжірибелік рухани тәсілі, ол қасиетті дүниенің барына сенуді қамтамасыз етеді, ұстанушылардың бойына мәдени құндылықтар мен әлеуметтік ережелердің иерархиясын сіңіреді, діни жораларда бар үлгілерге сай белгілі әлеуметтік мінезді дарытады.

Дәстүрлі қоғамда дін діни үлгілерді және рухани-өнегелік бұйрықтарды, яғни мінез-құлық нұсқауларының көмегімен әлеуметтік-рухани өмірдің ұйымдастырушысы ролін ойнады, ол кезкелген діни идеология мен дүнетанымдық жүйенің дінгегі болып табылады. Діннің әлеуметтік ролі қасиетті салт жоралардың жеке басқа қатысты рухани-өнегелік ахуалына әсер ету арқылы тікелей жүзеге асады, сонымен қатар жанама түрде әлеуметтік феномендер көмегімен жүзеге асырылады, оның ішінде діни білім беру де бар. Дін шектік өлшемдерді, абсолюттерді қалыптастырады, олар арқылы адам, қоғам және әлем туралы түсінік пайда болады, олар мақсатты тұжырымдайды және өмірдің мәнін анықтайды, адам болмысының шектелгендігін, тәуелділігін, салыстырмалығын, баянсыздығын, кемдігін толтырады, байланысты қамтамасыз етеді және осылайша жалғыздықты жеңеді, қайғы-қасіретті жұбатады, жеңілдетеді, рухани тазаруды қамтамасыз етеді.

Қазіргі заманғы қоғамның құндылықтар бағытының қалыптасуына конфессионалды өріспен шектелмеген діндер барынша көбірек әсерін тигізеді. Олардың қатарына православие мен исламды жатқызуға болады, себебі олар Қазақстанның дәстүрлі мәдениеттін құраушы конфессиялар, ұлттық руханилықты қалыптастыруда және тұрғындардың көпшілігінің әлеуметтік бағдарларында маңызды роль атқарады. Кеңестік дәуірге дейін қазақ әлеуметінің көпшілігінің дүниетанымы мен құндылықтық бағдарларының қалыптасуына негізінен ислам әсерін тигізді. Басқа діндердің салмағы мен ролі айтарлықтай жоғары емес, сондықтан зерттеу аясында ислам мен православиенің құндылықтық парадигмасын қарастыру маңызды болып табылады.

К.П. Победоносцевтің негізгі әлеуметтік-педагогикалық көзқарасы бойынша танымның тұтастығын қарастыру болып табылады, таным тек ғылымды оқумен шектелмейді. Православие антропологиясы бойынша адамның негізгі үш құрамы бар, олар – жан, тән және рух. Тұлғаның барлық құрамдары даму мен тәрбиені қажет етеді. Рухани құндылықтардың жоғарғы сатысында сенім тұр. Кезкелген білімнің шынайылығын сенім анықтайды, одан тыс уақытта шынайылық тек салыстырмалы түрде болмақ [23]. Діни сенім халық мәдениетінің негізі болып табылады, сол себепті мектеп

халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру тиіс, оларға қарсы шықпауы керек, ал білім берудің негізгі мақсаты Құдайға деген махаббат, діни тәрбие болуы қажет.

Педагогикалық процесте тәрбие мәселесі бірінші кезекте жүзеге асырылуы тиіс, ол мектеп өмірінің барлық тұстарына сіңіру міндет болып табылады, яғни мектептегі білім – құндылықтар бағытын анықтайтын құрал. Ілім мен білімді тәрбиеден ажырату – залалды іс-әрекет, егер ақыл-ой білім беру жүйесі рухани білім берумен ұштаспаса, ілім өз мақсат-мұратына толықтай жете алмайды.

К.Д. Ушинскийдің теориялық мұрасында білім беру теориясы басты орынға ие. Ол оқуды тәрбие беруден ажыратпай, тәрбиеге басымдық берді. Тәрбиенің негізгі мақсаты адамның рухани дамуы болуы тиіс, ол халықтың өнегелік ерекшеліктері мен мәдени-тарихи дәстүрлеріне сүйенуі абзал. Әр халықта тәрбиелеу қағидаттарының өзіндік парадигмасы бар, ол дәстүрмен үйлеседі және ұлттық мінезге сай келеді. К.Д. Ушинский адамның мінезіне әсер ететін басым күш ұлт екенін дәлелдей келе кейбір ұлттық қасиеттер мұрагерлікпен беріледі деп санайды [24]. Ұлттық қасиеттер әртүрлі жағдайдағы тұлғаның іс-әрекетіне арқау болады. Адамның тәні мен жанында басқа қасиеттерге қарағанда ұлттық ерекшеліктер терең із қалдырады. Сондықтан рухани білім беретін педагог қызмет барысында халықтық, ұлыстық дүниетанымға назар аударуы қажет. Әр халық тәрбиенің соңғы мақсаты мен нәтижесі туралы өзіндік түсінік қалыптастырады. Кезкелген халықтың кемел адам туралы өзіне ғана тән ұғым бар және тәрбиелеу барысында жекелеген тұлғалардан сондай кемелдікке жетуін талап етеді. Ондай кемелдік әр халықтың мінез құлқына сай келеді, оның қоғамдық өмірімен анықталады, оның дамуымен бірге дамиды. Оның бейнесін халықтық әдебиеттен таба аламыз. Мәселен, әр халықтың әдебиетінде – әндерінде, мақал-мәтелдерінде, ертегілерінде, әңгімелері мен көркем шығармаларында адамның бейнесі қандай болу керектігі сипатталған.

Оқуда жетістікке жетудің амалы бастама білдіру болып табылады, яғни шәкіртке бағытталған экстрасенсорлы ықпал ету үдерісі, ол ағзаның жасырын қорларын және тылсым әлеммен байланыс жолдарын ашады. Табиғаттан тыс күштерге сену аясында білім беру қызметі үшін аксиологиялық негіздемеге айналатын идеяларды қалыптастырады, сонымен қатар ресми түрде зайырлы құрылымдар да жүзеге асуы мүмкін.

Мұсылман ортасында жалпы мәдениетте қабылданған әлеуметтік өмірдің қағидалары діни ережелерден түбегейлі ерекшеленбейді, себебі олар ұлттық дәстүрлерге барынша сіңісіп кеткен. Православиелық білім беру саласында түпкілікті айырмашылықтар бар, себебі ұлттық мәдени таптаурындар құлдырады және зайырлы мәдениеттен православие өмір салты қатты алшақтады. Әсіресе ислам білім беруді қажетті құрал ретінде қарастырады, ол көбінесе зайырлы өмір жолымен жүрген адамдардың рухани жан дүниесіне әсер ете алады және де діни білім беру мемлекеттік білім беру жүйесіне енуге тырысуда. Кейбір жағдайларда орташа мәдениетте

әлеуметтену үдерісіне ислами әлеуметтену теріс әсерін тигізеді, себебі ол әлеуметтік тәжірибені қалыптастыруда басқа механизмдер мен бағдарларға сүйенеді, жабық ортаны білдіреді, яғни діни жанұяларда тәрбиеленген балалар қазіргі қоғамның ахуалындағы өмірге және оның қиын әлеуметтік және мәдени шындығына әлсіз бейімделген болып келеді.

Әдетте исламда діни білім алған жастар жай ғана діншіл адамдарға қарағанда жоралanған және идеалдандырылған өмір салтын ұстанады, алайда айқын күрделі қиыншылықтарға ұрынбайды. Алайда діни білімнің ықпалымен қалыптасқан әлеуметтік мінез-құлыққа мынадай ерекшеліктер тән: бұқаралық мәдениеттің негізгі белгілерінен саналы түрде бас тарту, рухани бай әлеуметтік ұстаным, сыртқы бейнесі мен күнделікті іс-әрекетінде көрініс тапқан миссионерлік бағдар және т.б.

Діни білім беру мекемелеріндегі әлеуметтену үдерісіне тән қасиет гендерлік бөліну, бұл барлық діни білім беру мекемелеріне сай құбылыс. Әдетте ол тек конфессиялық талаптармен ғана байланысты емес, кәсіби сұрыптау соны қажет етеді. Исламда болсын, православие де болсын әйел адам діни қызметкердің (имам, священник) міндеттерін орындай алмайды және жоғарғы мансаптарда қызмет жасай алмайды. Зерттеушілердің пікірі бойынша әлеуметтік сәйкестік пен гендерлік рөлдерге сай келетін қасиеттерді бекітуге айтарлықтай әсерін тигізеді.

Кәсіби дайындықтың қызметі діни білім беру үшін үлкен маңызға ие, алайда әртүрлі кезеңдерде оны қабылдау сандық (бірінші кезеңде) және сапалық (екінші кезеңде) түсініктермен жүзеге асты. XX ғасырдың соңына дейін барлық конфессиялар күрделі кадрлық тапшылық жағдайында болды, діни қызметкерлерді кәсіби дайындықтан өткізу мәселесінде жылдамдық пен сандық көрсеткіші маңыздырақ болды. Сол уақытта діни білім беру жүйесінің қызметкерлері болсын, діни көшбасшылар болсын білімнің тереңдігіне, жеке қасиеттерге және маманданудың аясына ерекше назар аудармады. Қазіргі таңда аксиологиялық шеңберде конфессиялар белгілеп берген кәсіби қызметті жүргізуге қабілетті кадрларды кәсіби дайындау маңызды болып табылады. Яғни кәсіби білімге, ой-өрістің кеңдігіне және жеке бастың қасиеттеріне көңіл бөлінуде. Қазіргі діни білім берудің ғылыми бағыт алуы да осы мақсатты жүзеге асыру үшін жасалып отыр, ол ырымшылдықтың таралуына және діни қоғамдастықтардың зайырлы мәдениетке сіңісуіне бағытталған. Православие мен исламның ең басты айырмашылығы әлеуметтік сұрыптау қызметінде айрықша байқалады. Мұсылман ортасында білім берудің сапасы және оның легитимділігі (мысалы, қажетті діни мектепке кіретін әйгілі білім мекемесін аяқтау) діни көшбасшылық мәселесін шешуде үлкен рөл ойнайды. Кеңес дәуіріне дейінгі кезеңде мұсылман көшбасшыларының көпшілігі бір сатыдағы бірнеше білім беру мекемелерінде білім алды, оның себебі барынша сапалы, әрі терең білім алуды көздеді. Бүгінгі күні мұсылмандық білім беру жүйесінде белсенді ғылыми және ағартушылық қызметке аса көп назар аударылады. Осылайша ислами білім беру ортасында білім беру әлеуметтік лифт және сұрыптау

ролін атқаруға қабілетті, бірақ кейбір ескертпелер бар. Жаһандық және қазақстандық деңгейде исламның саяси бытыраңқылығы бұл қағидатты іс жүзінде жүзеге асыру үшін ауыр шарттар туындатады. Дегенмен аталмыш қағидат әлеуметтік өсу үшін маңызды, бұл жерде жетекші діни мектеп пен құқықтық мазһабты ұстану, гендерлік ұстаным шешуші рөл ойнайды. Әйел заты білімі өте жоғары болуы мүмкін, бірақ конфессиялық басқаруға тек ер адам ғана құқылы.

Православие білім беру кеңістігінде де белгілі бір діни оқу орнын бітіру конфессия ішінде әлеуметтік сұрыптау жүргізуде маңызды рөл атқарады. Алайда шіркеу ішіндегі әлеуметтік сұрыптау маңыздырақ. Шіркеу сатысының жоғарғы баспалдағын қара дін басылар басқарады, орыс православиесында әйел шарапттылығы болмағандықтан жоғарғы шендер әйелдерге қол жетімсіз. Сауаттылық пен кәсіби жетістіктер жеке тұлғаның сұранысқа қаншалықты ие екенін анықтау барысында өзекті, дегенмен билік құрылымы конфессия ішіндегі ережелерге сай қалыптасады. Діни субмәдениет ішіндегі діни білім беруде әлеуметтік іріктеу мен әлеуметтік лифттер шектеулі көлемде қызмет ететіні шүбәсіз. Зайырлы қоғамда да бұл қызметтің жүзеге асуы қиын. Дипломадарды нострификаттау мен діндарлардың әлеуметтік бейнесін қабылдау мәселесі діни білім беруде әлеуметтік сұрыптаудың механизмдері жұмыс жасамайтынын көрсетіп отыр, ал кейбір жағдайларда әлеуметтік мәртебе мен әлеуметтік сенімнің төмендеуіне алып келеді. Оған діндарларды бұрыс қабылдау әсер етеді: діни фанатиктер, террористтер (көбінесе мұсылмандарға қатысты), сауаттылығы төмен және әлеуметтік жағдайы төмен адамдар.

«Постсекулярлы қоғамдағы ислами білім берудің үлгілері: еуразиялық және еуропалық үрдістер» атты ұжымдық монографияда Н.Л. Сейтахметова ислами білім берудің онтологизациясын білім беру үдерісін моделдеудегі адам мәселесін қою деп түсіндіреді және оған рухани дамудың, тәлім-тәрбиенің, Мен және Басқаның байланысының, құрметтің, жанды өңдеудің, түсінудің, әлем мен адамның өзара болмыстығының стратегиялары жатады деп санайды [129, 36 б.]. Яғни діни білім беру әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қабылдап қана қоймай оның негізгі бағыттарын көрсетіп отыр. Сондай-ақ ғалым білім берудің герменевтикасына плюралистік, репресивті емес деген сипаттама берді.

Білім беру әлеуметтік құбылыс ретінде салыстырмалы мағынада дербес жүйес болып саналады, оның негізгі қызметі – қоғам мүшелерін оқыту және тәрбиелеу [130]. Сол себепті білім беру мен қоғам өзара тығыз байланысты Білім беру әлеуметтік-мәдени институт ретінде келесі міндеттерді атқарады: 1) жоғарғы буыннан жас буынға білімді жеткізу; 2) мәдениет пен мәдени құндылықтарды жеткізу; 3) тұлғаны әлеуметтендіру, қоғамдағы жастардың интеграциясы; 4) қоғам мүшелерін әлеуметтік сұрыптау және жіктеу, яғни қоғамдық еңбекті бөлу мен мамандарды (кадрларды) өндіру; 5) кәсіби тұрғыдан және жеке бас тұрғысынан өзін-өзі анықтау үшін жағдай жасау; 6)

әлеуметтік-мәдени инновациялар, жаңа идеяларды өндіру, жаңа ашулар жасау; 7) әлеуметтік бақылау.

Қазіргі білім беру жүйесі әртүрлі бағытта дамып, келесі қасиеттермен сипатталады: ізгілендіру (гуманизация және гуманитаризация), сараланым (дифференциация), әртараптандыру (диверсификация), стандарттау, көнұсқалылық, көпдеңгейлілік, іргелілік (фундаментализация), компьютерлендіру, ақпараттандыру, дараландыру, үздіксіздік.

Білім берудің гуманизациясы дегеніміз білім беру жүйесінің және барлық білім беру үдерісінің бағдары оқытушы мен оқушынң арасындағы құрметтің дамуы мен қалыптасуына бет бұруы болып табылады, ол әр адамның құқықтарын құрметтеуге негізделген; тұлғаның денсаулығын, өзін-өзі бағалауын сақтау және нығайту, жеке адамның потенциалын дамыту. Нақты осындай сипаттағы білім беру білім алушыларға жеке даму жолдарын таңдау құқығын береді. Гуманитаризация дегеніміз адам үшін және оның игілігі үшін басты әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектесетін білім берудің деңгейі мен түріне қарамастан оның мазмұнын игеруге бағдар алу болып табылады.

Диффернциация дегеніміз оқушылар мен студенттердің жетістікке жетуіне білім беру мекемелерінің бет бұруы; білім беру үдерісінде оның барлық қатысушыларының қызығушылықтары, икемдері мен қабілеттерін қанағаттандыру мен дамыту ескеріледі. Бұндай әртараптандыру тәжірибе жүзінде әртүрлі әдістермен жүзеге асырылады, мәселен, үлгерімділік бойынша білім алушыларды топтау; оқу пәндерін міндетті және таңдау топтарына жіктеу; оқу мекемелерін таңдаулы, бұқаралық және дамуында ауытқушылық пен кемшіліктер бар адамдарға арналған деп бөлу; жекелеген білім алушылардың және студенттердің қызығушылықтары мен кәсіби бағдарына сәйкес жеке жоспарын құрастыру.

Әртараптандыру дегеніміз оқу мекемелерінің, білім беру бағдарламаларының және басқару органдарының әралуандылығы.

Стандарттау жалпы мемлекеттік білім беру стандартын жүзеге асыруға білім беру жүйесін бағыттау болып табылады, нақты анықталған уақыт шеңберінде міндетті оқу пәндерінің жиынтығы.

Көпнұсқалылық білім беру жүйесінде таңдауға жағдай жасауды білдіреді; яғни әр адамға табысқа жетуге мүмкіндік беру, білім алушылар мен студенттерді дербес таңдау жасау мен жауапты шешімді қабылдауға дағдыландыру, балама және дербес ойлаудың дамуын қамтамасыз ету. Іс жүзінде көпнұсқалылық оқытудың қарқынын таңдау, білімділіктің әртүрлі деңгейіне қол жеткізу, білім мекемесінің түрін анықтау бағыттары бойынша жүзеге асырылады, сонымен қатар білім алушылар мен студенттердің жеке қабілеттеріне байланысты оқу жағдайын дифференциациялау қарастырылады (сынып, топ, жеке, компьютер көмегімен).

Көпдеңгейлілік – бірнеше кезеңдік білім беру үдерісінің ұйымдасуы; ол білім берудің әр кезеңінде адамның мүмкіндіктері мен мүдделеріне сай келетін сауаттылықтың деңгейін қамтамасыз етеді.

Іргелілік дегеніміз қазіргі тіршілік қарекетіне жастарды теориялық және тәжірибелік дайындаудың ара-жігін бекіту болып табылады. Бұл жерде білім беру жүйесінің оқу жоспарындағы барлық пәндер бойынша ғылыми-теоретикалық білімді терең және жүйелі игеруге аса назар аударылады.

Білім беруді ақпараттандыру оқу үдерісінде есептеу техникасы мен ақпараттық технологияларды кеңінен қолданумен байланысты. Ол соңғы онжылдықта барлық әлемде кең қолданысқа ие болды (аудио-, видеоқұралдар, компьютер).

Дараландыру дегеніміз оқыту және тәрбиелеу барысында білім алушылармен және студенттермен барлық арақатынас түрлерінде олардың жеке қабілеттерін ескеру және дамыту болып табылады.

Үздіксіздік – адамның үнемі тоқтаусыз білім алуы, ғұмырлық өзін-өзі дамыту үдерісі; ол қазіргі заманғы қоғамда ахуалдың және өмір шарттарының жоғарғы қарқынмен өзгеруімен байланысты.

Қазіргі заманғы білім берудің түрі білімберушілік-тәрбиелік жүйенің ерекшеліктерімен сипатталады: адами қызметтің қандайда бір түрін игеруге бағдар, мәдени құндылықтарды игеруге мүмкіндік, ғылым мен техниканың жетістіктері. Барлық білім және тәрбие беру ордалары өз дәуіріне сай дамыған ғылыми білімнің негіздері мен адами әлеуметтік-мәдени қызметтің жоғарғы үлгілерін топтайды.

Жалпы білім беру отбасылық, мектепке дейінгі, мектептегі, арнайы және жоғарғы болып бөлінеді. Ал мәдени құндылықтарды игеру бойынша білім жүйесі классикалық, көркемдік-эстетикалық, діни болып бөлінеді [129].

Діни білім берудің дамуы үшін мемлекет немесе нақты бір аймақ деңгейінде және жекелеген білім беру мекемелердің шеңберінде жаңа тұжырымдамалар мен үлгілер негіздеме болады; яғни жаңа мемлекеттік білім беру стандарттары, нормативті-құқықтық құжаттар, жаңа қайнаркөздер, қаржыландырудың механизмдері мен түрлері, діни білім саласы үшін мамандарды дайындау және қайта даярлаудың жаңа жүйесі.

Діни білім беру мемлекет, қоғам, әкімшілік және нақты білім беру жүйесі педагогтарының тарапынан басқарылатын үдеріс, сонымен қатар жартылай білім алушылардың ата-аналары арқылы басқарылады. Дегенмен олардың басқару түрлері мен тәсілдері әртүрлі. Діни білім алу барысында әртүрлі типтегі адам белгілі деңгей мен сапаға жете алады.

Діни білім беру жүйесінің зайырлы тармағы дінтанулық білім, дінді зерттеуді және дін туралы оқытуды білдіреді; ол діни сенім, мінез-құлық және институттарды зерттеуге арналған академиялық сала. Ол дінді сипаттайды, салыстырады, түсіндіреді және жүйелі, тарихи негізделген және мәдениаралық перспективаларды баса көрсетеді.

Теология трансцендентті немесе табиғаттан тыс күштердің (құдайлар сияқты) табиғатын түсінуге тырысса, дінтану діни мінез-құлық пен сенімді белгілі бір діни көзқарастардан тыс зерттеуге тырысады. Дінтану антропология, әлеуметтану, психология, философия және дін тарихы сияқты көптеген пәндерге және олардың әдіснамаларына негізделеді.

Дінтану XIX ғ. бастау алады, сол кезде Библияны ғылыми және тарихи талдау өркендеп, индустар мен буддистердің мәтіндері алғаш рет еуропалық тілдерге аударылды. Ертедегі ықпалды ғалымдар Англиядағы Фридрих Макс Мюллер және Нидерландыдағы Корнелиус П.Тиеле болды. Бүгінгі таңда дінтануды бүкіл әлемнің ғалымдары тәжірибе жүзінде адамзаттың әлеуметтік, мәдени мәселелерін зерттеу үшін қолдануда [132, 67-70 б.]. Алғашқы жылдары ол «салыстырмалы дін» немесе дін туралы ғылым ретінде белгілі болған және АҚШ-та бүгінде бұл саланы Дін тарихы деп білетіндер бар (Жалпы, атап айтқанда Чикаго университетінде қалыптасқан әдіснамалық дәстүрлермен байланысты, ал дәлірек айтатын болсақ, Мирше Элиаде мектебі, 1950 жылдардың аяғы мен 1980 жылдардың соңына дейін).

Дінтанушы ғалым Уолтер Каппс пәннің мақсатын «дін тақырыбына қатысты анықтамалық нұсқаулық пен зерттеу жүргізетін, ... оқытатын және тәжірибе беретін бағыт» деп сипаттады [25, 14 б.] Сонымен бірге, Каппс оның тағы бір мақсаты «дін тақырыбын (мәселесін) түсіндіру үшін қолданылатын жүйе мен әдістер» екенін жеткізеді. Дінтанушы ғалым Роберт А.Сегал бұл тәртіпті «көптеген тәсілдерге ашық» деп сипаттады, сондықтан ол «белгілі мәртебеге, деңгейге лайық болу үшін ерекше әдіс немесе нақты түсіндіруді қажет етпейді» [133, 17 б.].

Осы саладағы әртүрлі ғалымдардың ғылыми қызығушылықтары мен зерттеу тақырыптарына деген ниеттері әртүрлі; мысалы, кейбіреулер дінді қорғауға тырысады, ал басқалары оны түсіндіруге тырысады, ал тағы біреулері дінді өздерінің теориясын дәлелдеу үшін мысал ретінде пайдаланғысы келеді [25, 16 б.]. Кейбір дінтанушы ғалымдар, ең алдымен, өздеріне жат дінді зерттеуге мүдделі болады [26, 15 б.].

Діни білім бүкіл әлем елдерінің әлеуметтік-мәдени кеңістігінде ерекше орын алғанымен, әрқайсысында санқилы, кей кезде қарама-қайшы болып келеді. *Америка Құрама Штаттары* сияқты кейбір елдер діни білім беруді ашық түрде қаржыландырмайды және діни білім беру мектептің міндетті пәндеріне кірмейді. Ал басқа мысалдарға келетін болсақ, *Ұлыбританияда* христиан конфессионализмінен «ашық» діни білім пайда болды, ол белгілі бір діни көзқарасты білдірмей жалпы діни сауаттылықты арттыруға бағытталған. Діни білімнің бұл түрі сынға алынып келеді, өйткені діндерді зерттейтін бейтарап көзқарас болу мүмкін емес және кез-келген мәжбүрлі білім беру оқушының діни тұлғасының қалыптасуына әсер етуі мүмкін [27].

Америка Құрама Штаттарында діни білім көбінесе қосымша «жексенбілік мектеп», «иврит мектебі» немесе катехизм сабақтары арқылы беріледі, олар отбасыларының ғибадат орындарында балаларға ғибадат қызметтерімен немесе аптаның басқа уақыттарымен бірге оқытылады, мектеп күндізгі сабақтан кейін жүзеге асырылады. Кейбір отбасылар қосымша діни білім жеткіліксіз деп санайды және балаларын жеке діни мекемелерге, белгілі бір шіркеуге немесе қауымға береді, оларды діни бірлестіктер деп атайды. Сондай-ақ, көптеген конфессиялардың аккредиттелген жекеменшік колледждер мен жоғары оқу орындары

деңгейіндегі діни мектептері бар. АҚШ заңы бойынша, бейтарап, академиялық перспективаны қоспағанда мемлекеттік мектептерде діни білім беруге тыйым салынады [134]. Алайда, азшылық қоғамдастықтарда діни білім беруді ыңғайлы ету үшін аптасына бір рет уақыт беріледі, шіркеу мен мемлекеттің қарым-қатынасын нашарлатпауды көздейді. Мұғалімнің немесе мектеп әкімшілігінің бір дінді қабылдауы Бірінші түзетудің «ережелерін» бұзу болып саналады. Бұл ереженің іс жүзіндегі шекаралары студенттерге арналған Шығыс діні туралы медитация бағдарламаларын қарастыратын сот істерімен жиі сыналады, дәстүрлі діни мейрамдар «Он өсиет» сияқты діни құқықтық құжаттар арқылы тексеріледі, (1954 жылдан бері АҚШ «Құдайдың астындағы бір халық» деген сипатқа ие), сондай-ақ сыныпта қалай дұға жасауға болатыны аталмыш құжатта анықталған.

Ұлыбританияның мемлекеттік жүйесінде католик, ағылшын шіркеуі және еврей мектептері ұзақ уақыттан бері қолдау тапты, барлық мемлекет қаржыландыратын мектептерде міндетті түрде діни білім берілуі тиіс. Ұлттық оқу бағдарламасы енгізілгенге дейін мемлекеттік мектептерде діни білім беру жалғыз міндетті пән болған еді. Мемлекеттік мектептегі діни білім прозелитті емес және әртүрлі конфессияларды қамтиды, дегенмен заңнама басқа діндерге қарағанда көбірек христиандық мазмұнды қамтуды талап етеді [135, 10 б.]. Шотландия шіркеуінде мектептер жоқ, дегенмен ол шотландтық емес діни мекемелерде жиі кездеседі. Англияның мемлекеттік мектептерінде діни білім беру бойынша ұлттық оқу бағдарламасы жоқ. Англия мен Уэльсте мемлекеттік мектептер үшін оқу бағдарламасының мазмұны жергілікті білім беру органдарымен келісіледі, әр түрлі діни топтардың мүшелері, мұғалімдер және жергілікті кеңестер кіретін Діни білім жөніндегі тұрақты консультативтік кеңес (SACRE) бекітіледі. Мемлекеттік мектептердегі балалары бар ата-аналар, егер қаласа, оларды діни, жыныстық және қарым-қатынас туралы сабақтардың барлығынан немесе бір бөлігінен босатыла алады [136].

Жаңа Зеландияда «Діни білім» дегеніміз діни зерттеулерді академиялық оқыту дегенді білдіреді. «Діни нұсқаулық» жекеменшік діни мектептерде, интеграцияланған (діни) мемлекеттік мектептерде немесе кейде зайырлы мемлекеттік бастауыш мектептерінде діни сенімге қатысты ілімді білдіреді, егер жекелеген мектептердің кеңестерінің қағидаттарын басшылыққа алатын болса. 2017 жылдың мәліметтеріне сүйенетін болсақ, Жаңа Зеландияда мемлекеттік бастауыш мектептердің шамамен 40% -ы діни оқыту сабақтарын өткізді. Бұл елде ресми түрде мойындалған оқу бағдарламалары жоқ. Алайда зайырлы білім беру желісі [137] және Жаңа Зеландияның рационалисттер мен гуманистер қауымдастығы [138] сияқты ұйымдасқан топтар бар, олар мемлекеттік бастауыш мектептерден діни сабақтарды алып тастау үшін үкіметтен заңнаманы өзгертуді белсенді түрде талап етеді.

Үндістанда діни білімді жүзеге асыратын мекемелер – жекеменшік мектептер бар, әсіресе олар – индуизм, мұсылмандық, сикх, христиан, джайн

мен буддизм сияқты ағымдармен байланысты. Британдық биліктің дәуірінде христиан жекеменшік мектептері әйгілі болды және олар Ұлыбританияның (Британдықтардың) және үнді студенттерінің қатысуымен қызмет етті. Осы дәуірде құрылған көптеген мектептер, әсіресе христиан халқы көп жерлерде бүгін де жұмыс істейді. Мектеп Ұлы Британияның стандартты оқу бағдарламасына сәйкес оқытады, сонымен қатар бхажан/киртан ән айту және аспаптаушылық, сондай-ақ Гаудия Вайшнава философиясымен айналысады. Кришна санасы халықаралық қоғамы бірқатар жоғары деңгейлі семинариялар мен мектептер ұйымдастырды. Типтік ресми білім берумен қатар, Кришна санасы халықаралық қоғамы Білім беруді дамыту министрлігімен және Ваиснаваның оқыту және тәрбие жөніндегі комитетімен стандартталған мамандандырылған діни/рухани оқыту бағдарламаларын ұсынады. Білім берудің деңгейі мен ауқымы бойынша Үндістанда діни білім негізінен Маяпур жоғары білім беру және оқыту институты және Вриндаван жоғары білім беру институты болып жіктеледі. Сонымен қатар Кришна санасы халықаралық қоғамы Маяпур академиясы арқылы аршана (үнді сөзі) немесе құлшылық ету және құрбандыққа шалу рәсімдерін өткізеді [139]. Кәдімгі ресми білім берумен қатар, бірқатар діни мекемелер балалар мен ересектерге арналған тұрақты емес бейресми діни/рухани білім беру бағдарламаларын енгізді. Халықаралық Кришна санасы ғибадатханалары бұған қатыстылардың бірқатарын құрды.

Жапонияда діни білім міндеттелген көптеген христиан мектептері мен университеттері бар. Жекеменшік орта және жоғарғы мектептердегі кез-келген діни білім беретін мұғалімнен діни білім беру стандарттарын оқытатын университетте аккредитациядан өтуін талап етеді [140]. Буддизм секталарымен дәстүрлі байланысы бар жекеменшік мектептер, әдетте, ешқандай діни оқуды талап етпейді. Мемлекеттік мектептерде діни немесе саяси білім алуға немесе белгілі бір діни немесе саяси топты насихаттайтын клубтарға тыйым салынған.

Пәкістанда мұсылман студенттері исламтануды бастауыштан жоғары буынға дейін оқулары міндеттелген. Мұсылман емес студенттер үшін міндетті емес, олар оның орнына этика пәнін таңдай алады.

Көпұлтты империя ретінде Босния құрамына кіретін *Австрияның* тарихы болғандықтан, сунниттік ислам XIX ғасырдан бастап римдік католик, протестант немесе православиелік сыныптармен қатар оқытылып келеді. Алайда, еврей, буддист және соңғы күнгі әулиелер сияқты азшылық діндерге жататын балалар да әр түрлі конфессияларда діни білім ала алады. Көптеген мектептерде балама түрде этика бойынша зайырлы сабақтарға қатысуға болады.

Финляндияда жалпы білім беретін мектептерде (7-16 жас) және орта/жоғарғы мектепте (16-18/19 жас) діни білім міндетті пән болып табылады. Фин студенттерінің көпшілігі евангелиялық лютерандық діни білім алады. Егер студент Финляндияда тіркелген болса, студент өзінің дініне сәйкес діни білім ала алады. Діни білім міндетті пән болғандықтан,

кез-келген діни топқа жатпайтын оқушыларға этика пәні оқытылады. Сонымен қатар лютерандық емес оқушылар Евангелиялық лютерандық діни білім беруге қатысады [141].

Францияда мемлекет ешқандай дінді мойындамайды және діни білім беруді қаржыландырмайды. Алайда, мемлекет жекеменшік оқу орындарын, оның ішінде діни оқу орындарын студенттерге діни курстар өткізуге мәжбүрлемеу және студенттерді дінге қарай кемсітпеу шарттарына байланысты субсидиялайды. Дегенмен Эльзас-Мозель аймағына ерекше статус берілген, тарихи себептерге байланысты (бұл жүйе қалыптасқанда Францияның аталмыш бөлігі Германиямен басқарылған) айрықша жергілікті заң бойынша мемлекет кейбір діндерге (католик, протестант, Еврей) қолдау көрсетеді, негізінен неміс моделіне сәйкес келеді.

Тарихи тұрғыдан қарастырсақ *Германиядағы* әртүрлі конфессиялар бастауыш және орта білім беруге өз үлестерін қосып келген және әлі де солай болып келеді. Германияда білім беру тәртібі әлі күнге дейін 1763 жылы Ұлы Фредерик енгізген Пруссиялық білім жүйесінің мұрасын сақтап келеді. Сол кезден бастап Германияның әртүрлі аймақтарының оқу бағдарламаларында негізгі техникалық дағдылар ғана емес, сонымен қатар музыка (ән айту) және діни (христиандық) білім де қамтылған, олар шіркеулермен тығыз ынтымақтастықта. Бұл шіркеулерге Германиядағы «Körperschaft des öffentlichen Rechts» атты қоғамдық құқықтың заңды тұлғасы ретінде белгілі бір мәртебе берілді, оны 1919 ж. Веймар ымырасы деп атайды және бүгінге дейін сақталып отыр.

Германияның федералды штаттарының көпшілігінде роман католицизмі мен протестантизмнің ұзақ тарихы бар, олардың діни органдарында негізгінен протестант, католик және еврей діни білім беру мұғалімдерінің дайындығын қадағалайтын құрылым бар. Федералды штаттардың бірінде бұған православие христиандары да кіреді. Берлин, Бремен және Бранденбургте діни білім міндетті емес. Мысалы Бременде мемлекет тарапынан рұқсат етілген «Библияны зерттеу» пәні ұсынылып отыр, бірақ оны белгілі бір конфессиялар қадағаламайды. Оқу қазіргі заманғы гуманитарлық стандарттарға сәйкес және негізінен мемлекеттік колледждер мен университеттерде дәріс беретін оқытушылармен жүзеге асырылады. Бұл мұғалімдер мемлекеттік мектептерде дінді оқытады, мемлекет оларға ақы төлейді және олар Германия конституциясы алдында, сонымен қатар шіркеулердің алдында оқыту бағдарламасының мазмұнына қатысты жауап береді. Ешқандай негізгі діннің бөлігі болып табылмайтын балалар (мысалы, Иегова куәгерлері мен Жаңа апостол шіркеуінің мүшелері) конфессиялардың біреуінің сабақтарына қатысуға немесе егер олардан бас тартқысы келсе, оның орнына этика немесе философия сабақтарына қатысуға мәжбүр. Германияның гуманистік ассоциациясы болып табылатын атеистік және агностикалық бірлестік шіркеулердің білім жүйесін заңдастырып, енді мұндай зайырлы сабақтарды өткізуге рұқсат етілген. 14 жастан бастап балалар өздері діни сабақтарға барғысы келетіндігін, ал егер барса,

қайсысына барғысы келетінін өздері шешу мүмкіндігіне ие. Одан жас балалар үшін олардың ата-аналарының шешім қабылдайды. Сонымен қатар мемлекет діни және Вальдорф білім беру мектептерінің шығындарының 90%-ын төлеу арқылы субсидиялайды. Бұл мектептер мемлекеттік мектептермен бірдей федералды штаттық оқу жоспарларын ұстануы тиіс.

Германияда ислами діни білім беруді енгізу көптеген қиыншылықтар мен қиындықтарға тап болды, бірақ қазіргі уақытта біртіндеп енгізілуде. Қазір елде үш миллионға жуық мұсылман, көбінесе түрік тектес мұсылман бар, бірақ олардың көпшілігі мемлекетте мұндай мәселелерді шеше алатын заңды бірлестіктердің мүшелері емес (христиан шіркеулері мен гуманистерден айырмашылығы). 2013 жылы Германия тарихында тұңғыш рет Гессен штаты мұсылман қауымын мойындады, бүкіл Германия үшін мемлекеттік корпорация ретінде реформаларға бағытталған Ахмадия тарихи кезең болып саналды [142]. Ахмадия тек мемлекеттік мектептерде діни білім бере алатын мәртебе алуға өтініш білдірді, бірақ қазір оған өз зираттарын сақтауға және штаттың шіркеу салық жүйесі арқылы мүшелерінің алымдарын жинауға рұқсат берілген.

Грецияда мемлекеттік бастауыш және орта мектептердегі оқушылар (әдетте 6-17 жас аралығы) ресми оқу бағдарламасы арқылы грек православие дінінің негіздерін үйренеді. ЕО-ның діни бостандық ережелеріне сәйкес, олардың ата-аналары оларды ешқандай себепсіз қағаз жүзінде өтініш жасап, діни сабақтардан босатып ала алады. 18 жастан асқан студенттер өздері бас тарта алады. Қатысқысы келмейтін студенттер балама (діни емес) курстарға қатысады. Университеттерде (көпшілігінде), егер оқу саласына қатысы жоқ болса, ешқандай діни мазмұнға ие болмайды.

Латвияда 2004 жылдан бастап бастауыш сынып оқушыларының ата-аналары (1-3 сыныптар) христиандық сабақтарды немесе этиканы таңдай алады. Христиан сыныптары интерденоминатикалық болып табылады (жалпы лютерандық, римдік католик, православие, баптист, ескі сенуші деген бағыттарға негізделген).

Польшада діни мектептер мемлекеттік мектептерде міндетті емес. Ата-аналар балалардың дін сабақтарына немесе этика сабақтарына қатысуы туралы шешім қабылдайды немесе олардың ешқайсысы оқытылмауы мүмкін.

Румынияның мемлекеттік мектептерінде діни білім міндетті емес. Ата-аналар балаларының қай дінді оқитынын еркін таңдай алады, бірақ діни сабақтардың көпшілігі елдегі көпшілік дін болып табылатын румын православие дініне назар аударады.

Жалпы институционалдық білім, әсіресе діни білім *Түркияда* орталықтандырылған. Бұл жүйе алғашқы білім беру туралы Заңнан бастау алды, ол алғаш рет 1924 жылы әзірленді және кейінгі құқықтық реформалар мен конституциялық өзгерістерде сақталды. Зайырлы революцияның салдарынан Османлы білім беру жүйесінің бастапқы тәжірибелері өзгеріске ұшырады. «Білім берудің бірлігі» туралы жаңа заң мемлекеттік мектептердегі діни оқуды толығымен алып тастау керектігін бекітті. 1956 жылы

көппартиялы демократияның жемісі ретінде Демократиялық партия басқарған жаңа үкімет құрылады. Бұл жаңа үкімет орта мектептерде дінтану курсын енгізді. 1980 жылғы әскери төңкерістен кейін мектептегі діни білім қайта құрылды. «Дін мәдениеті және этика білімі» жаңа бағдарламасы студенттерді оқу процесіне сыни және белсенді қатысуға тәрбиелеу үшін жалпы білім берудің мақсаттары мен қағидаттарын біріктірді. Діни білім берудің мазмұнын әлі күнге дейін мемлекет дайындайды. Мемлекет балалардың басқа діни ілімдерге ұшырамас бұрын исламда қабылданған түсіндірмелерді бірінші кезекте оқытылуына кепілдік береді.

Канадада діни білім әртүрлі мәртебеге ие. Бір жағынан, 1867 жылғы Конституциялық заңның әр түрлі бөлімдерінде мемлекет қаржыландыратын және ұйымдастыратын римдік католиктер мен протестанттарға арналған жекелеген мектептер кейбір провинцияларда және кейбір жағдайларда жүзеге асырылатыны бекітілген [143]. Екінші жағынан, мультикультурализмнің өсіп келе жатқан деңгейімен байланысты, әсіресе Онтарио штатында, белгілі бір топқа діни қаржыландыруға рұқсат етіле ме, жоқ па деген пікірталас пайда болды. Мәселен, Ньюфаундленд протестанттық және римдік-католиктік мектептер үшін қаржыландыруды 1995 жылы конституцияға енгізілген өзгертуден кейін тоқтатты. Квебек штаты 1998 жылы қабылданған «Білім туралы» Заң арқылы қаржыландыратын діни білімнің күшін жойды, ол сол жылдың 1 шілдесінде конституцияға өзгертулер енгізгеннен кейін күшіне енді [144]. Квебек мектептерді діни бағыттан гөрі лингвистикалық бағытта қайта ұйымдастырды. Онтариода қаржыландыруды тоқтатуға қатты қарсылық білдірілді. 2007 жылғы провинциядағы сайлауда католик дініне жатпайтын діни мектептерді қаржыландыру тақырыбы басты тақырыпқа айналды. Провинциялық консервативті партия ішінара олардың идеясын қолдағаны үшін жеңілді.

2.2 Төзімділік тәжірибесін құрастырудағы діни білім берудің рөлі

Төзімділік (халықаралық ауқымда қолданылатын «толеранттылық» терминін біз қазақ тіліне «төзімділік» деп аударып отырмыз) дегеніміз плюралистік қоғам ахуалында басқаларға құрметпен қарау, олармен достық қарым-қатынаста болу дегенді білдіреді, яғни дүниедегі мәдениеттердің алуандығын дұрыс түсіне білу. Сондықтан төзімділік әртүрліліктегі үйлесімділікті анықтайды. Бұндай ұғым тек моральдық борыш болып қана табылмайды, ол – саяси, әрі құқықтық қалау мен ынта [145]. Ең маңыздысы төзімділік – белгілі тұрақты ұстаным, ол басқа адамның әмбебап құқықтары мен негізгі бостандығын мойындау мен қабылдаудың негізінде қалыптасады, сондай-ақ өзге тұлғаның ерекшеліктері мен дүниетанымын құрметтеуге негізделеді. Алайда ол әлеуметтік әділетсіздікке деген шыдамды көзқарасты, өз құқықтарың мен мүдделеріңнен бас тартуды және бөтен нанымдарға жол беруді білдірмейді.

Жаһандану және аймақтардағы интеграциялық процестердің дамуы жағдайында қазіргі елдердің тіршілігінде діни факторлардың мәні артып келеді.

Ал діни төзімділік дегеніміз әртүрлі діндер мен конфессиялардың табынушылары арасындағы, діни топтар арасындағы шыдамды, төзімді қарым-қатынасты білдіреді, олар өзара сыйластық қағидаларына, бір-бірінің өмір сүруі мен қызмет етуге деген құқықтарын мойындауға негізделеді. Діни төзімсіздік болса, басқа діни дәстүрдің, өзге конфессияның ізбасарларына деген теріс көзқарасты білдіреді, бұндай пікір мен қатынас түрі құқықтарды шектеу, қуғын-сүргін (репрессия), қудалау сияқты іс-әректтерден көрініс табады.

Діндердің эксклюзивтілік пен даралыққа деген талпынысы діни төзімсіздіктің қалыптасуына қандайда бір мүмкіндік тудырады. Яғни әр дін ақиқат пен ғаламды түсіндіруде абсолютті қайнаркөз болуға талпынады, сонымен қатар өзін жалғыз дұрыс сенім және ақиқат деп есептеп қана қоймай, басқалардан мойындауды талап етеді [29]. Осылайша өз сеніміне сай діндердің абсолютті табиғатқа деген ұмтылысы басқа діндерді шектеу тәжірибесі үшін діни санкция мүмкіндігін тудырып отырды. Діни төзімсіздік және алуыздық бір діни топтың басқа топтың ақиқатқа деген құқығы барын түсіну мен қабылдауға қабілетсіздігінен шығып отырды. Бұндай түсініспеушілік пен төзімсіздік әрқилы нәтижелерге алып келуі мүмкін: өшпенділік, қуғын-сүргін (репрессия), қудалау, діни соғыстар және т.б.

Төзімділіктің де, төзімсіздіктің де өзінің әлеуметтік субъектісіне байланысты бірнеше түрі болуы мүмкін: жеке, қоғамдық, топтық және мемлекеттік. Бұл анықтама төзімділіктің сан алуан түрлеріне қатысты қолданылады, яғни діни төзімділік те жатады. Демек діни төзімділіктің субъектісі – жеке тұлға, адамдардың белгілі біртобы, мемлекет және жалпы қоғам болуы мүмкін. Діни төзімділіктің маңызды түрлеріне қоғамдық және мемлекеттік бағыттары жатады. Қоғамдық төзімділік қоғамдық психологияда, моральда, өнегелерде көрініс табады.

Көп жағдайда діндарлардың рухани жетілуіне олардың діни жетекшілері (ұстаздары, тәлімгерлері) жауапты. Сондықтан да қоғамда төзімділік қағидаларын бекіту үшін дәстүрлі діни мәдениеттердегі тәрбие мен білімнің бітімгерлік, гуманистік әлеуетін (потенциалын) пайдалану – аса маңызды. Себебі діни білім беру, сондай-ақ жалпы білім беру дүниетанымын қалыптастырады, рухани-өнегелік әсерін тигізеді, адамдардың бойына саяси және тұрмыстық мәдениетті дарытады. Қазіргі заманғы ахуалда діни білім берудің ролі қоғамда төзімділік және бейбітшілік салтын сіңіру үшін өте маңызды болып табылады. Өйткені наным-сенім мәтіндерінде және діни дәстүрлерде жалпы адамзатқа ортақ гуманистік құндылықтар, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік, агрессия мен соғысқа деген жеккөрушілік бары айғақ. Сол себепті бүгінгі күні діни білім беру саласының қызметкерлері төзімділік мәдениетіне тәрбиелеу үшін, басқа дін өкілдеріне және атеистік

көзқарастағы адамдарға сыйластықпен қарауды үйрету үшін қандай ұстанымдарға сүйенетіні – айрықша маңызды.

Дәстүрлі діндердің барлық бірлестіктері және олардың көшбасшылары бүкіл діндер мен конфессиялар арасында өзара сыйластықты орнату қажеттілігн бір ауызбен қолдайды, олар дінаралық және ұлтаралық өшпенділіктің әлем үшін тидіретін қауіпін толықтай түсінеді. Осы орайда діни төзімділікті қалыптастырудың басты құралдарының бірі – басқа елдермен діни білім саласында тәжірибе алмасу, ынтымақтастық орнату, оның бағыттары – теологиялық діни, зайырлы дінтанушылық та болуы мүмкін.

Дін ғасырлар бойы және бүгінге дейін қоғамды біріктіретін және бөлетін күш болып табылады. Қоғам ішіндегі діни төзімсіздік белгілі бір мемлекетте шиеленіс жасау үшін сыртқы күштерге жақсы құрал бола алады. Сондықтан бұрынғы уақыттан бері діни мақсаттардан бөлек астарлы саяси мүдделерді көздейтін барлық мүмкін миссионерлік миссиялар жүзеге асырылады. Қоғамды ішкі жағынан өзгерту үшін барынша сектанттық қозғалыстар енгізіліп таратылады. Бұның бәрі діни білім беру мәселесі қазіргі қоғамдардағы қауіпсіздікті, бірлікті және діни төзімділікті қамтамасыз ету үшін өте маңызды екенін дәлелдеп отыр. Діни сауаттылық пен діни білім беру діни еріктілік пен шыдамдылықтың негізгі кепілі болмақ, сонымен қатар қоғамның ішкі тұрақтылығы мен интеграциясының өзегі, ол ұлт пен мемлекетттің бөлінуін, күйзелісін алдын алады, сыртқы діни әсердің саяси мақсаттарын бейтараптандыруға жағдай жасайды. Діни білім беру жүйесінің болмауы немесе әлсіз дамуы ахуалында қоғамның діни-конфессионалдық алуандылығы оның ішінара бөлінуі мен әлсізденуіне жол ашады. Себебі діни сауатсыздық әртүрлі діни мәдениеттердің өкілдері бірін-бірі түсінсіпеушілікке қолайлы орта тудырады. Яғни діни төзімділікті былай деп сипаттауға болады – бір діни-конфессионалдық қауымдастықтың жақтаушыларының екінші бір діни-конфессионалдық қауымдастықтың өкілдеріне төзімді, кеңшілік көзқараспен қарауы. Әр адам өзінің діни сенімдерімен өмір сүруге құқықлы және басқа адамдардың дәл сондай құқықтарын мойындайды.

Діни төзімділік көпаспектілі және мазмұнды құбылыс. Осыған байланысты қабылдау ерекшеліктеріне орай әртүлі түсіндірме беруге болады. Мысалы, бөтен діндегі адамдардың діни-конфессионалдық құндылықтары мен идеяларын білу, қабылдау, құрметтеу және басқалардың көзқарасы мен құндылықтар жүйесіне бейтарап, бейжай қарау. Дегенмен қабылдау мен құрметтеуге негізделген діни төзімділіктің түрі ең жақсысы мен тәуірі болып саналады. Себебі бейтараптылық көп жағдайда білмеушілік пен білімсіздікті білдіреді, ол қоғамдағы жағдайдың өзгеруімен (саяси, әлеуметтік, экономикалық, құқықтық және т.б.) төзімсіздіктің туындауына жол беруі мүмкін. Сондықтанда бұл құбылыс ағартушылық жұмыстың өзектілігін көрсетіп отыр. Әртүрлі діни-конфессионалдық мәдениеттер мен дәстүрлерді өзара тану деңгейін жоғарылатуға бағытталған діни білім берудің жүйесін

құрастыру қажет. Бөтен діндегі адамдардың құндылықтары мен идеяларын білмеу немқұрайлық пен дұрыс еленбейтін қарым-қатынасқа алып келеді. Ал басқалардың көзқарасы мен құндылықтары туралы сауаттылық өзге діни мәдениеттердің өкілдеріне және жалпы діндарларағa оң көзқараспен қарауды қамтамасыз етеді.

Діни төзімділік басқа дін, конфессия және секта өкілдеріне қатысты болуы мүмкін, сонымен қатар атеистер мен құдайға сенушілер арасында болуы мүмкін. Осыған орай діни төзімділікті қамтамасыз ету үшін бірнеше механизмдер қолданылады. Ол механизмдерді бірнеше түрлерге бөлуге болады – атеизм, зайырлы (секуляризация) және діни білім беру.

Атеизм барлық діни ағымдар мен конфессияларға деген төзімсіздікті (тиымды) білдіреді, ол дінді жоққа шығаратын идеалогияны қолдайды, осылайша барлық адамдарды теңестіріп, өзара шыдамдылықты қамтамасыз етеді. Ондай механизмнің жарқын мысалы болып КСРО табылады. Кеңес дәуірінде мемлекеттік деңгейде жүргізілген атеизм саясатының белгілі саяси мақсаты болды. Оның мүддесі кеңестік мультимәдени қоғамның әртүрлі діни-конфессионалдық орталарында психологиялық кедергілер мен тосқауылдарды жою болды.

Секуляризация барысыныда діни-конфессионалдық сұрақтар екінші кезекке ысырылады, зайырлы сипаттағы қарым-қатынастар мен салаларға басымдық беріледі, сондай-ық демократиялық мәдениетке көп көңіл бөлінеді. Мемлекеттің діни институттардан ажырауы, бір-бірінің қызметтеріне араласпау, азаматтық қоғамды қалыптастыру, зайырлы қоғамда ортақ мәселелерді шешуге бірігіп күш жұмылдыру адамдардың жекелеген топтарының арасындағы діни-конфессионалдық айырмашылықтарының маңыздылығын төмендетеді.

Діни білім беру қоғамдағы діни төзімділікті діни-конфессионалдық топтарды тану, құндылықтар жүйесі мен идеологиялық қағидаттарды қабылдау мен құрметтеу арқылы енгізуді және қамтамасыз етуді көздейді. Осы тұрғыдан келгенде қоғамдық мәдениет пен сананы қалыптастыратын әртүрлі діни-конфессионалдық құрылымдар арасындағы ортақ түсініктер мен ұғымдарға назар аударылуы тиіс, ол тек діни төзімділікті дамытуға ғана әсер етіп қоймай, қоғамдық бірігуге (консолидацияға) де себеп бола алады. Ал ортақ ұғымдарды ерекшелеу келесі тәсілдер арқылы жүзеге асуы мүмкін:

Барлық діндердің идеологиялық және құндылықтық ортақ тұстары бар. Айырмашылықтар болса міндетті түрде сәйкессіздікті білдірмеуі тиіс. Олар өзара толықтырулар мен сапалық байи түсу үшін жақсы алғышарттар болып табылады. Діни төзімділік идеялары – діндер мен конфессиялардың ілімдерінде бар дүние. Кез келген діни дәстүр өзінің артықшылығы мен ерекшелігіне ұмтылғанымен [30], сонымен қатар басқа діндердің идеялары мен құндылықтар жүйесіне деген төзімділік пен құрмет элементтері орын алған. Зерттеуші Сосковец ғылыми еңбегінде адамзаттың барлық белгілі діни жүйелерінде төзімділік мүмкіндігі (потенциалы) бар деп есептейді [31, С. 177].

Ал бір діннің шеңберіндегі әртүрлі конфессиялардың ортақ тұстарын анықтауда ортақ сенімге негізделген бірегейлікке назар аудару керек, конфессия болса екінші кезекте тұруы тиіс.

Келесі тәсілге қандай дін мен конфессияның қатарына жататындығына емес, қай ұлттың өкілі екендігіне айрықша көңіл аудару жатады. Бұл әдіс қай дінді мойындайтынына, құдайға сенуі не сенбеуіне қарамастан бір ұлттың өкілдері бүтін бір халықтың ұрпақтары екенін білдіреді. Аталмыш амал азаматтыққа қатысты да қолданылуы мүмкін, яғни тұтас бір қоғамның құрамында (қатарында) болу. Діни-конфессиялық топтарға ортақ мәселелер мен міндеттерді (экономикалық, әлеуметтік, саяси және т.б.) шешу керек деген идеяны сіңіреді, соған сендіреді – ортақ мүдделер, талаптар мен қажеттіліктер, демек жалпыға ортақ мақсаттар.

Діни төзімділікті қалыптастырудың механизмдері қоғамдық қарым-қатынастардың тұтас жүйесімен, рухани мәдениеттің деңгейімен, жеке тұлға мен әлеуметтің сауаттылығымен байланысты. Осы тұста діни төзімділікті қамтамасыз ету үшін діни ағарту ең маңызды бағыт екені сөзсіз аян. Себебі қазіргі заманда әрқилы дінге сенетін халықтар бір мемлекеттің шеңберінде өмір сүруге мәжбүр.

Әралуан бейнедегі діни төзімділіктің дәстүрлері діни білім берудің барлық кезеңдерінде көрініс алуы қажет. Діни төзімділікті насихаттауға бағытталған ғылыми еңбектер мен зерттеулер өзекті болып табылады. Көптеген танымал ойшылдар халықтар мен жекелеген тұлғалардың өздерінің ерекшеліктері, қалаулары мен қалыптасқан орталарына қарай дінді таңдау құқықтары бар екендігін қолдайды.

Осы ойға қатысты әл-Фараби былай деген болатын: бір топ немесе бір халық белгілі бір заттарға қатысты еліктеу образдарын басқа топқа немесе басқа халыққа қарағанда басқаша елестетеді. Сол себепті әртүрлі қайырымды халықтар мен қайырымды қалаларда әртүлі дінге сенуі мүмкін, және де ортақ (ұқсас) бақытқа сенеді [7]. Түркі дүниесінің сопы ғалымы Қожа Ахмет Ясауи адамдарды басқа халықтардың діндеріне төзімділікпен қарауға шақырған – «егер сенің алдында бөтен діннің өкілі болса, оған жәбір корсетпе. Қатыгездің жүрегінен, жәбірлеушінің рухынан Құдай безеді. О, ақиқатшыл Алла! Ондай құлға тозақтың жаһаннамы дайын тұр» [8]. Ол тек тәлімгер ғана болып қоймай, данагөй қоғамдық қайраткер ретінде тарихта қалды. Өзінің діни уағыздарында, өлеңдері мен трактаттарында халыққа ашық сөз айту керектігін сезгенде өзекті болып отырған қажеттіліктерге үн қатып отырған. Діни трактаттар мен қағидаларға сүйене отырып, отандастарын өзін-өзі дамытуға, адамсүйгіштікке, мейрімділікке, діни еріктілікке, төзімділікке шақырған.

Жаһандану жағдайында, дүниежүзілік тарих кеңістігінің тарылуы байқалғанда, дінаралық және конфессияаралық ынтымақтастықты насихаттау арқылы діни төзімділікті дамыту ұтымды болмақ. Осы тұрғыдан алғанда дінаралық ынтымақтастық пен төзімділікті дамыту бойынша барынша тиімді құрал болып идеялар мен құндылықтар негізінде діндерді жұмылдыру

қозғалысы табылады, сонымен қатар өзара түсіністік үшін діни білім мен ғылымның кешенді (теологиялық дәне зайырлы) дамуы.

Бүгінгі таңда діни төзімділік бейбітшілікті, тұрақтылық пен экономикалық прогрессті қамтамасыз етуде шешуші күшке айналды, ол қазіргі елдердің рухани өмірінің жаңғыруын (модернизациясын) талап етеді. Жаһандану мен интеграциялық үдерістер дәуірінде дінге қатысты жаңа конструктивті тәсілсіз жүзеге асыру қиындықтарға әкеп соғады. Сондықтан бұл бағытта діни білім мен ғылым басты рөлді атқарады.

Дін әлеуметтік институт ретінде қоғамдық өмірдің ерекше бөлшегі болып табылады. Осы себепті діндар және діндар емес жұртшылықтың діни сауаттылығы діни толеранттылықтың қалыптасуы үшін маңызды іргетас бола алады, сонымен қатар саяси мақсаттарға діни түсініктеме беретін радикалды топтардың қызметіне тойтарыс бере алады. Діни білім әлемдік және дәстүрлі діндер туралы тұтас ұғым, түсінік беруі тиіс, қоғамның мәдениеті мен рухани өміріне әлемдік діни жүйелердің сіңірген еңбегімен таныстыруы тиіс. Дін туралы білімді жетілдіру (жоғарылату) басқа конфессиялардың тарихымен және мәдени мұрасымен танысуға, әртүрлі діни көзқарастағы адамдардың өзара түсіністігін жақсартуға, қазіргі қоғамдарда діни төзімділікті қалыптастыруға әсерін тигізуі қажет. Зайырлы дүниетаным мен модернизмге дін қарсы қойылып қарастырылмауы тиіс.

Бір мемлекетте әртүрлі діндер мен мәдениеттердің өмір сүруі конфессияаралық және этносаралық ахуалда қазіргі елдердің өмірлік ұстанымына айналуы тиіс. Конфессияаралық және этносаралық ауызбіршілікке жету үшін өскелең ұрпақ арасындағы рухани тәрбие мен білім беру орталық маңыздылыққа ие болуы тиіс.

Толеранттылыққа тәрбиелеу мен білім беру діни салада теріс құбылыстардан қоғамды қорғайтын салмақты профилактикалық мәнге ие және төзімсіздікті алдын алатын тиімді құрал болып табылады. Толеранттылыққа тәрбиелеу қоғамды олардың ортақ құқықтары мен бостандықтары неден тұратынын түсіндіруден басталады, яғни сол құқықтарды түсіну мен орындалуын қамтамасыз етуден басталады. Осы жерде тек қана құқықтарын үйрету емес, міндеттерін де оқыту екенін айта кеткен жөн.

Төзімділіктің немесе төзімсіздіктің, агрессияның немесе толеранттылықтың негіздері мәдениетпен қаланады. Ал білім беру мәдениетті буындар (ұрпақтар) арасында тасымалдаушы механизм және жүйе болып табылады. Егер дәстүрлі қоғамдар дін мен мәдениетте фундаменталды дәстүрлер арқылы бірлікті сақтай алса; мәдени, этникалық және діни тұрғыдан келгенде барлық қазіргі заманғы елдер әралуан. Этникалық, мәдени және діни плюрализм әралуандылық жағдайында ортақ тұстарды біріктіру үшін маңызды болып табылатын толеранттылық түсінігін өмірге алып келді.

Объективті және субъективті сипаттағы мәселелер баршылық, адамның рухани-өнегелік қалыптасуы мен дамуының қайнаркөзіне діни мәдениет

айналуы үшін оларды жеңіп шығу қажет. Толеранттылыққа алып баратын жол – күрделі әсершіл (эмоциялық) және интеллектуалды еңбек. Ал толеранттылық қағидатын жүзеге асыру қоғамның және білім берудің мемлекеттік жүйесінің ашық болу қағидатымен байланысты. Толеранттылыққа тәрбиелеу мәселесі әртүрлі бағыттағы және деңгейдегі адамдарды біріктіруі тиіс – ата-аналар, білім жүйесіндегі мамандар мен қызметкерлер, әртүрлі конфессиялардың көшбасшылары мен өкілдері.

Бүгінгі күні білім берудің рухани мазмұнын қайтару терең өзектілікке ие. Білім беру тәжірибелерінің сараптамасы діни білім берудің рухани мәнін қайта қалпына келтіруді қазіргі заманғы білім жүйесі қажет ететіндігін көрсетіп отыр. Оқу саласында руханилықты әркезде діни білім беру анықтаған болатын. Діни білім беру дискурсы қазірігі білім құрылымындағы қажетті, толықтырушы компонент болып табылады. Қазіргі таңда діни білім беру діндердің негізін білу үшін қажет, себебі көпмәдениеттілік – ашық қоғамдардағы үрдіс, яғни басқа дәстүрлер туралы білім, интертекстуалдылық диалог арқылы басқаны тану, дінаралық түсінік арқылы өзін-өзі білу [129]. Қазіргі заманда білім беру біржақты зайырлы бола алмайды. Яғни діни білім беру балама жүйе емес, ол – оқыту үдерісіндегі көп бағыттардың бірі.

2.3 Діни білім беру коммуникативтік тәжірибе ретінде

Қазіргі білім берудің даму бағыттарын анықтау үшін коммуникативтік (коммуникация – қарым-қатынас, байланыс ұғымдарының мәнін білдіретін термин) тәжірибені ұйымдастыру қағидаттары трансформациясының қажетті рефлексиясы ұсынылады, олар білім мен қоғамның қалыптасуының әртүрлі кезеңдерінде нақты коммуникативтік білім беру ортасында үстем болды.

Антика дәуірі мен орта ғасырларда білім беру ортасы ойшыл мен ойлауға тең келді, сонымен қатар дәстүрлі білімнің ерекше күйін білдірді, ол өзі үшін ғана және тәжірибемен байланыстан тыс (еркін) өмір сүрді, оның қайнаркөзі болып материалдылыққа ұмтылмайтын рух саналды [32, 240 б.]. Білім беру міндеттері үйірме өміріне тікелей қатысу арқылы жүзеге асып отырды, яғни ұстаздың қасында болу арқылы. Ілімнің негізгі тәртібі мен ережелерін анықтады, хикаялар, өсиет әңгімелер және сызбалар арқылы білім түсіндірді, қалыптастырды [33, 28 б.].

Білімнің мазмұны қоғамдық өмірдің ұйымдасуымен және тұрғылықты жерлердің тұрғындары үшін сұхбат жүргізу, ойлау, дәлелдеу, бұхара алдында сөйлеу сияқты қажеттіліктермен байланысты. Дәлелдеу (пайымдау), әдетте, рецептуралық сипатта болады және нормативті немесе мақсатты бағытқа ие. Ойлаудың категориялары мен ережелерін дамытуға бағытталған коммуникативті тәжірибелер қайшылықтардың алдын алуға, білім алуға, ойды логикалық тұрғыдан қалыптастыруға, сонымен қатар жалпы қабылданған тұжырымдамаларға, әлеуметтік қауымдастықтың заңдарына негізделген ойлауды қабылдауға және түсінуге көмектеседі. Бұл кезеңде ойлаудың құрылуын, қазіргі уақытта философияны нәрлендіретін моральдық-интеллектуалдық дәстүрді қалыптастыруды реттейтін нормалар

жүйесін құру басталады және жанама түрде ақиқат туралы білімді алуға негіз болатын «рационалды ойлау техникасы» құрылады.

Сөздің, білімнің және имандылықтың бірлігі ежелгі мифориторлық мәдениетке тән болғандықтан, Сократ тіпті білімді ізгілікпен теңестірген [34], интеллектуалды және адамгершілік зор тұлға тәрбиенің жемісі болып табылады.

Орта ғасырларда білімнің мазмұнына басқа ілімдерден, дәстүрлер мен мәдениеттерден ойлар (білім, ақпарат) енді және ол шіркеу үшін заңгерлер мен кадрларды даярлауға бағытталды, ол – бірыңғай басқару орталығы бар жақсы ұйымдастырылған иерархиялық ұйым еді, оның біртұтас идеологиясы, ортақ тілі (латын) және қыруар қаржылық және адами ресурстары болды. Білім берудің коммуникативті тәжірибесі заңдылықтарды тікелей көрсету арқылы жүреді және, әдетте, мәтінмен, пікірталастармен, түсініктемелермен, формалды ойлармен жүзеге асырылады. Топ-менеджерлердің кадрларын феодалдық соттарда дайындайды және жағдайға қарай емес, иерархиядағы орнына, принциптеріне сәйкес өмірді түсіну арқылы жауапкершілік, сөзге адалдық рухында тәрбиеленеді.

Қайта өрлеу немесе ренессанс дәуірінде табиғат пен прогрестің жаңа идеясы пайда болады, ғылыми парадигманың басты бағытына білу субъектісі айналды, ол универсалды танымдық қабілеттің тасымалдаушысы болып табылатын. Ғылым философиясының мақсаты – ғылыми білімнің өзгермейтін тұрақты (инвариантты) құрылымын және адамның мінез-құлқын реттейтін әлеуметтік заңдылықтарды анықтау. Демек, білім берудің коммуникативті тәжірибесінің трансформациясы бар, олар тек дайын білімді беруге ғана емес, сонымен бірге теориялық білімді игеру мен беруге бағытталған, ал механика принциптері бүкіл әлемге (табиғи да, әлеуметтік те) экстраполяцияланған. Философтар мен теологтар білімнің өніміне (жемісіне) айналды, ал білім грек және латын тілдерін білумен байланысты болды, тілдің өзі білім негіздері мен сипаты түрінде ұсынылады.

Жаңа заманда ғылыми білімнің аясы кеңейіп, пайымдау (бақылап болжау, саралау) мен ойлаудан тәжірибе жүзіндегі іс-әрекетке көшті. Ғылыми мәдениет екі құбылыстың – физикалық және сана-сезімдер бағыттарының талдау құралдарын белгілі бір біріздендіру мәселесімен бетпе-бет келіп, әлемнің интеллектуалды қанағаттанарлық, толық бейнесін жасауға мүмкіндік береді. Біз ұтымды түсінілетін құбылыстардың кеңейтілген онтологиясы, табиғатқа емес, санаға, психикаға және тілдік артикуляцияға құбылыстарды оның фактілерімен әлем құрылымын объективті анықтау бөлігі ретінде енгізу туралы айтып отырмыз. Феноменологиялық ығысу болады, ол бар болуды зерттеуден мазмұнды зерттеуге ауысқанын білдіреді, оның көлденең сызығында менталды формациялар және олардың сілтемелері, яғни сыртқы әлемнің объектілері арқылы барлық нүктелер бос болмады [35]. Қазіргі уақытта білім берудің коммуникативті тәжірибесі алынған білімді жүйелеу, үлгілермен жұмыс жасаудың шеңберінде жүзеге асады.

Осы кезеңде әмбебаптық принципіне негізделген мәдени байланыстың ерекше түрі қалыптасқанын айта кету керек; оның аясында пән туралы, басқару мен әмбебап маманға табыну туралы өзіндік ұғымдармен білім беру мекемесінің дәстүрлі еуропалық құрылымы қалыптасады. Ұзақ уақыт бойы сәтті қызмет атқаратын оқу сабақтарын ұйымдастырудың дәрістік-семинарлық немесе сыныптық-пәндік түрлері пайда болды. Білім беру жаратылыстану ғылымдары мен зерттеушілерін дайындауға және білімді, ұтымды, діни, ең жоғары құндылыққ – ақиқатқа жетуге тырысатын адамды қалыптастыруға бағытталған. Менеджерлердің маңызды қасиеттері болып тәртіптілік, нұсқауларды нақты және жауапкершілікпен орындау қабілеті табылады.

Білім беруді қалыптастырудың барлық кезеңдерінде оның мазмұнын дамыту және әртүрлі оқу тәжірибелерін жетілдіру өзекті болып табылады. Бірақ XX және XXI ғасырлар тоғысында түбегейлі өзгерген әлеуметтік тұрмыстың ахуалы, қоғамдық өмірдің барлық нысандарының жаһануы – бұл мазмұнның өзгеруі туралы, білім беруді ұйымдастырудың түбегейлі жаңа инновациялық үлгілерін іздеу туралы мәселе тудырды [36, 154 б.].

Діни білім берудің жаңа идеалдары, діни білім берудің мақсаттары мен мазмұны әрдайым уақыт талаптарына сәйкес келуі тиіс. Олардың ішінде ең маңыздылары:

- ғылыми білімнің өзгеруі ғылыми білімнің мазмұны зерттеу объектісі ретінде табиғи әлеммен емес, әлеуметтік контекстпен анықталады;

- мәдени нормалар мен кәсіби құзіреттерге қойылатын талаптардың тез өзгеруі, ол тәжірибе жүзінде туындайтын қажеттіліктерден діни білім берудің ғылыми мазмұнының тез артта қалуынан көрінеді;

- мультимәдениетті өркениетті ортаны қалыптастыру, бұл жағдайда әрбір мәдениет тарихта өзін-өзі сипаттау мен анықтаудың үлгісін іздейді және білім беру жүйесіне өз талаптарын қояды;

- білімді таратудың жаңа технологияларының пайда болуы (мысалы, бұқаралық ақпарат құралдары), сондай-ақ ғаламдық ақпараттық желіге ұйымдасқан қол жетімділік, бұл білім мен ақпараттың арасындағы арақашықтықты жояды және тіпті адамдарды белсенділік процестерінен тыс ұстау құралы болып табылады және, сайып келгенде, ойлаудың құлдырауына әкелуі мүмкін [37].

Осылайша, білім берудің жаңа идеалына тез өзгеретін жағдайлар мен басымдықтарға бейімделе алатын, міндеттерді шығармашылық тұрғыдан түсінуге ұмтылатын және оларды стандартты емес тәсілдермен шеше алатын, өз қозғалысының траекториясын анықтауға және құруға қабілетті, және, ең бастысы, тәуелсіз пікірлері бар тұлға айналады.

Жаңа ахуал мен күрделі және көпдеңгейлі басқару жүйелерінің пайда болуы әр түрлі ұйымдардың іс-әрекеттерін біріктіру қажеттілігін тудырды, бұл өз кезегінде менеджерден жүйелік дүниетанымды, пәнаралық білімді, әлеуметтік жүйенің бірнеше салаларында іс жүзінде тәжірибенің болуын талап етеді. Ол ішкі бағдарламалау, топта коммуникативті жұмыс жасау

дағдыларына және өзінің білім деңгейін үнемі жоғарылату қабілетіне ие болуы керек.

Міндеттерді шешу сөзсіз басқарушылық білімді дараландыруға, коммуникативті тәжірибе мен білім беру ресурстарының үлгілерін іздеуге әкеледі. Білім беруді дараландыру дегеніміз білім берудің жеке траекториясын құруды, оқу орнының бағдарламаларын жекелендіруді, көптеген адамдарға ерекше құзыреттер жиынтығын алуға мүмкіндік беретін көптеген модульдер мен бағдарламаларды құруды білдіреді. Жобалаудың, үлгілеудің және бағдарламалаудың коммуникативті тәжірибесі басқару білімінің басым нысандарына айналады. Осы іс-шараларға дайындық негізінен білім беру жүйесіне дәстүрлі болып табылатын теориялық білімді беруге негізделмейді, ол оқыту барысында конструктивті ойлау мен жобалық және бағдарламалық әрекеттерді үлгілеуді қажет етеді. Олардың көмегімен жинақталған білім одан әрі дамудың бастапқы сатысы болады, жаңа білім түріне айналады. Бұл жағдайда негізгі білім беру ресурстарына әдістеме және ақпаратпен жұмыс жасау логикасы айналады: сыни түсіну, түсіндіру (интерпретация) және кіріктіру (интеграция).

Бұл дегеніміз, білім ішкі құндылығын жоғалтады, бірақ рефлексия үшін материалға, басқа мәселелерді шешу құралына айналады. Рефлексия алынған нәтижелерді тұжырымдап, әрі қарайғы жұмыстың мақсаттарын анықтауға және оқу траекториясына түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Тек ойланатын адам ғана оның әлемдегі орнын, өмірінің мәні мен мақсаттарын анықтай алады [146, 121 б.].

Гуманитарлық ғылымдар аясындағы теологияның орнын, жалпы білім беретін мектептегі діни мазмұндағы пәндердің мәртебесін және діни ұйымдардың бұл процеске қатысу дәрежесін айқындау мәселелері бойынша әлеуметтік келісімге келу – діни білім беру коммуникативтік тәжірибесіндегі басты мәселе. Осы мәселелердің барлығы мұқият ойластырған зерттеуді қажет етеді. Әлбетте, Қазақстан мен Мұсылмандар діни басқармасының арасындағы ынтымақтастықтың ұзақ жылдар бойғы тәжірибесі, сондай-ақ әртүрлі елдердегі мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың халықаралық тәжірибесі қоғамдық талқылауға түсіп зерттелуі тиіс.

XVII ғасырдың аяғындағы Жаңа ғасырдың бүкіл еуропалық өркениетіне тән секуляризация процестері Қазақ қоғамында да орын алып отыр, ол зайырлы және діни білім беру салаларының бөлінуін анықтаған әлеуметтік қақтығыстарды тудырды. Өткен ғасырдың басыда орнаған коммунистік идеологияға байланысты діннің өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қатысуына тікелей тыйым салынды және барлық кеңес мемлекеттері бойынша, оның ішінде қазақ жерінде діни білім беруді дамытудың кез-келген перспективалары қабылданбайтыны мәлім болды. Бүгінгі таңда біз Қазақстанда және әлемде зайырлы мектептер мен университеттерде діни білім беру мәселесі алдыңғы қатарда. Осыған байланысты, отандық тәжірибені зерттеу бұл жай ғана қарапайым үрдіс емес, қалыпты мемлекеттік-конфессиялық жоба да емес, ол білім берудің алуан түрлілігін

дамытудың жаһандық процесіне деген жауап. Көптеген Еуропа елдерінде қазіргі кезде мектепте дінді оқытуға арналған пәндердің мазмұны мен оларды ұйымдастырудың нақты формалары жасалды; олар заңнамалық түрде бекітілген және білім беру органдарымен реттелген. Мәселен, қазіргі Финляндияда, мысалы, Білім министрлігі мектеп оқушыларына «студенттерді өздерінің діни дәстүрлерімен таныстыруды» маңызды міндет етіп қояды. Осы жерде «қалай» деген сұрақ туындайды. Бұл елдің ресми құжатында былай делінген: «дұғаларды, литургиялық әндерді, шіркеу қызметін зерттеу діни – білімнің маңызды бөлігі, сондықтан студенттер өз дінімен жақсырақ танысу үшін шіркеуге немесе мешітке баруы керек» [38, 234 б.].

Постсекулярлы қоғам ахуалында гуманитарлық білімнің формалары мен мазмұны мемлекеттік-конфессиялық келісімдермен ғана емес, сонымен қатар білім беру процесінің барылық қатысушыларының қарым-қатынасы (коммуникациясы) арқылы да, реттеліп отырады, оны біз әдетте мәдениетаралық диалог деп атаймыз. Мысалы, А.Ф. Козырев мектептегі білім берудің заманауи әлемдік тәжірибесінде «конфессиялық емес білім беру үлгілерін енгізу және діни білімге ашық және плюралистік сипат беру» үрдісімен қатар, «дәстүрлі конфессиялық көзқарастарды сақтау немесе реанимациялаудың тұрақты қозғалысы» бар екенін айтады [4, 315 б.]. Қазіргі жағдайда діни білім беру мәселесін шешудің нұсқалары ымыраға келу немесе шіркеу-мемлекет ынтымақтастығының дәстүрлі үлгілерін қайта құру жолында емес, мемлекеттік шарттарға қарамастан, әртүрлі жағдайлар мен көп бағытты әлеуметтік векторларды ескере отырып қалыптасуы мүмкін. Бұл мемлекет пен діннің патриотизмге, адамгершілікке, азаматтыққа тәрбиелеу сияқты тәрбиелік міндеттерді жүзеге асырудағы мүмкін болатын үлгілерін жоққа шығармайды. Бір сөзбен айтқанда, зайырлы және діни білім беру парадигмаларын біріктіру нәтижесінде идеологиялық, әлеуметтік немесе мәдени үстемдік үшін екі бағыттың ішкі ерекшелігін өзгертпейтін өзара дамыту жүреді.

Қазақстандағы ислам білім беру саласындағы қазіргі жағдайды әлеуметтік мәселелердің көрінісі ретінде қарастырады және сонымен бірге өзінің дербес ұстанымын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасының әлеуметтік тұжырымдамасында бұл ұстаным келесідей сипатталған: «ҚМДБ-ның ел аумағында діни жоғары және арнаулы орта оқу орындары болады. Діни оқу орындары өз қызметінде ҚМДБ Төралқасында бекітілген Жарғыға сәйкес жүзеге асырады, сондай-ақ белгіленген уақытта оған есеп береді және оның шешімдерін орындайды. Діни оқу орындарының басшылығын Бас мүфти тағайындаған тұлғалар жүзеге асырады. ҚМДБ оқу орындарының мамандықтарын, оқу мерзімдерін айқындайды, бағдарламаны және оқу жоспарларын бекітеді. ҚМДБ өз құзырындағы мешіт жанында жұмыс істейтін діни сауат ашу курстарын қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес аша алады» [147].

Рухани және діни білім берудің барлық теологиялық пәндері, үлгілері мен әдістері үшін олардың негізгі қағидалары ортақ сипатта қалады. Бұл теологиялық мектептер мен діни мекемеге (шіркеуге, мешітке) бағынатын оқу орындарындағы нақты діни білімде көрініс табады және зайырлы гуманитарлық әлемнен ерекшеленеді. Алайда, бұл айырмашылық олардың жақындасуы барысындағы белгілі бір антагонизмнің дәлелі емес.

